

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы**

АПСАЛЯМОВА АЙГҮЛ ШУКУРҚЫЗЫ

**ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС: ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**7М12301 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша ұлттық
қауіпсіздік және әскери істері» магистрі дәрежесін алу үшін
магистр жоба жұмысы**

Ғылыми жетекші:

жалпы заң пәндері кафедрасының
аға оқытушысы Н.Б. Рахимов
заң ғылымдарының магистрі
кіші әділет кеңесшісі

Ғылыми консультант:

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының доценті Б.Р. Есімсейтов
филология ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор
әділет кеңесшісі

Қосшы, 2021 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Жобаның құрылымы кіріспеден, 2 негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі-61 бет.

Магистр жобасы Қазақстан Республикасының прокуратура органдарындағы арыз, шағымда бойынша жұмыс тәртібін жетілдіруге бағытталған. Ұйымдастыру бағыты бойынша тәжірибеде қолдану үшін әдістемелік құрал дайындалды. Сонымен бірге мемлекеттік тілдегі арыз, шағымдарға жауап хаттарды дайындау барысында мәтіндердегі қазақ тілінің ерекшеліктерін, стилі мен ережелерін сақтауға назар аударылды.

РЕЗЮМЕ

Структура проекта состоит из введения, 2 основных разделов, заключения, списка использованной литературы. Общий объем-61 страница.

Проект магистра направлен на совершенствование порядка работы по жалобам, заявлениям в органах прокуратуры Республики Казахстан. Подготовлено методическое пособие для практического применения по организационному направлению. Также при подготовке ответных писем на заявления, жалобы на государственном языке особое внимание уделено соблюдению в текстах особенностей, стиля и правил казахского языка.

SUMMARY

The project structure consists of an introduction, 2 main sections, a conclusion, and a list of references. The total volume is 61 pages.

The master's project is aimed at improving the procedure for working on complaints and applications in the Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan. A methodological guide for practical application in the organizational direction has been prepared. Also, when preparing response letters to applications and complaints in the state language, special attention is paid to the observance of the features, style and rules of the Kazakh language in the texts.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕРІ ҚЫСҚАРТУЛАР	4 бет
КІРІСПЕ	5-9 бет
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
1.1. Арыз, шағымдар бойынша жұмыстың заңнамалық негіздері.....	10-17 бет
1.2. Арыз, шағымдарды қарау бойынша жұмысты ұйымдастырудың тиімді әдістері.....	18-29 бет
1.3. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Электрондық өтініштер (Е-өтініштер).....	30-32 бет
1.4. Прокуратура органдарында өтініштермен жұмыстың қазіргі жағдайы және мәселелері.....	33-40 бет
1.5. Прокуратура органдарында арыз, шағым, хабарлар бойынша әкімшілік рәсім тәртібі туралы әдістемелік ұсынымдар.....	41-48 бет
2.ӨТІНІШТЕРГЕ ЖАУАПТАРДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
2.1. Прокуратура органдарында мемлекеттік тілді қолданудың деңгейі.....	49-50 бет
2.2. Мемлекеттік қызметте қазақ тілінде сөйлеу мен жазуды білу талаптарын қою.....	51 бет
2.3. Арыз, шағымдардың қазақ тіліндегі жауап мәтіндерінде жиі кездесетін грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық мәселелері.....	52-57 бет
 ҚОРЫТЫНДЫ.....	 58 бет
 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	 59-61 бет

БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРЫ

ҚР ӘРПК – Қазақстан Республикасы әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі

КСРО- Кеңес социалистік республикалар одағы

ҚР ҚПК – Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексі

ҚР АІЖК – Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу кодексі

ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

АҚО – Азаматтарды қабылдау орталығы

СДТТБТ – Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы және өзектілігі. Еліміздің мүдделі мемлекеттік органдары Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын орындау мақсатында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын бірлесіп іске асырып жатыр.

Бұл тұжырымдама көптеген мәселелерге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр.

Прокуратура органдарында азаматтардың құқықтарын сақтаудың нысаналы индикаторларының бірі ретінде арыз, шағымдарды қарау үлесінен тұрады.

Бұл өзге факторлармен қоса қоғам алдында прокуратура беделін қалыптастырады.

Биыл (қаңтар, ақпан айлары) прокуратура органдарына 37 073 арыз, шағым келіп түскен, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 5%-ке көп (35 252).

Прокурорлық қадағалау салаларына қарай ең көп арыз, шағым сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қадағалау бағыты бойынша 13 860 (13 542) түскен немесе жалпы санының 37% (38%) болды.

Прокуратура органдары барлығы 32 789 арыз, шағымды қарады, ол 2020 жылдың 2 айымен салыстырғанда 4%-ке көп (31 471).

Арыз, шағымдардың мәні бойынша шешілгені – 17 904 (17 638) немесе 55%-і (56%). Оның ішінде: қанағаттандырылғаны 5 520 (4 832) немесе 31% (27%), бас тартылғаны 3 081 (2 855) немесе 17% (16%), түсіндірме берілгені 9 303 (9 921) немесе 52% (56%), басқа ведомстволарға жіберілді 14 820 (13 724) немесе 40%-і (39%).

Осы жылы қанағаттандырылған арыз, шағымдар 14%-ке артқан.

Дегенмен, оларды қарау тәртібінде жекелеген мәселелер бар.

Сонымен бірге осы жылы 1-шілдеден бастап арыз, шағымдарды қарау жұмысын реттейтін 2020 жылы 29 маусымда қабылданған негізгі құқықтық акт Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (*бұдан әрі – ҚР-сы ӘРПК*) қолданысқа енеді.

Сол себепті жұмыстың тиімділігін арттыру үшін жүйелі ұйымдастырушылық қызмет, азаматтардың жеке қабылдауын жүргізу тәртібін жетілдіру, тұлғалардың арыз, шағым жазуына ықпал ететін себептерді уақтылы анықтап, тиісті шаралар қолданудың маңызы зор.

Арыз, шағымдар түскен кезден бастап оны қарау сапасына, ең маңызды уәжді бірінші кезекте қарап, арыз иесімен дұрыс құқықтық қатынас орнатуға, оған жауап жолдау, түсіндірме жұмыстарын жүргізуге аса назар аудару қажет.

Оған қоса, тәжірибе көрсеткендей арыз, шағымдарға жауап дайындау кезінде мемлекеттік тілді дұрыс қолдану ережелері де сақталмайды. Мемлекеттік тілде жазылатын мәтіндерді көп жағдайда түсіну қиын, дәл жеткізе алмау тұстары бар.

Тіл саясаты мәселелерімен айналысатын сарапшылар қазіргі жағдайда әкімшілік басқару, құқық қорғау салаларында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі мен қазақ тілінде іс-құжаттарды рәсімдеу сапасының «қазақшалануы» көңіл көншітпейтіні туралы пікірлер білдірген.

Бұл туралы Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді.

Осы орайда қазақ тілінде жауап дайындаудың сапасын әрі қарай мейлінше жетілдіру қажет.

Себебі прокуратура органдары құжаттарының қоғамның барлық саласына жіберілетінін ескерсек, құжаттардың сапасыз дайындалуы прокуратура органдары қызметінің беделіне нұқсан келтіріп, қызметкерлердің кәсіби біліктілігіне теріс көзқарас қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті. Прокуратура органдарында арыз, шағымдар бойынша жұмыс істеудің маңызды құқықтық-ұйымдастырушылық мәселелерін жасақтау, оларға мемлекеттік тілде жауаптарды әзірлеу кезінде қазақ тілінің стилистикалық ерекшеліктері мен жазу ережелерін сақтау мақсатында әдістемелік нұсқаулар дайындау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** шешу ұсынылады:

- прокуратура органдарында арыз, шағымдар бойынша жұмыстың жай-күйіне талдау жасау;

- арыз, шағымдар бойынша жұмыс тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;

- арыз, шағымдар бойынша жұмысты ұйымдастыру саласында туындайтын негізгі өзекті мәселелерді айқындап, оларды шешу жолдарын ұсыну;

- мемлекеттік тілде жауап дайындаудың стилистикалық ерекшеліктерін теориялық тұрғыда негіздеп, оны жетілдірудің жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі. Арыз, шағымдарды қарау барысында прокуратура органдары мен жеке, заңды тұлғалар арасында туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу пәні. Жеке және заңды тұлғалардың арыз, шағымдары бойынша жұмысты ұйымдастыру саласындағы құқықтық актілер, ақпараттық-талдау материалдары.

Зерттеу тақырыбының ғылыми пысықтау деңгейі.

Қазіргі уақытта арыз, шағымдар бойынша жұмыс істеудің заңнамалық негізі – Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңдары.

Аталған құқықтық актілердің қолданылу мерзімі осы жылдың 1-ші шілдесінде аяқталып, арыз, шағымдар бойынша жұмыс істеуді реттейтін 2020 жылы 29 маусымда қабылданған негізгі құқықтық акт ҚР-сы ӘРПК жұмыс істей бастайды.

Осы орайда мемлекет пен жеке адам арасындағы құқықтық қатынастарды қайта қарау, сондай-ақ өзара әрекеттесудің жаңа форматы қалыптасады.

Сол себепті, Қазақстан Республикасының заңнамасында «әкімшілік юстиция» ұғымының мәнін жаңа инновациялық сипатта нақтылау қажеттілігі туындап отыр.

Бұған дейін авторлар Б.А. Жетпісбаев, Г.А. Худайбердина, А.Б. Ғаббасова, Е.В. Мицкая, Р.А. Подопригора, Д.А. Бахрах, С.И. Ибрагимов, Е.В. Смирнова, И.А. Филлипова өз еңбектерінде «әкімшілік юстиция» ұғымына шолулар жасап әртүрлі пікірлерде болған.

Ал, бұл анықтамаларды қазіргі уақыттағы Қазақстан Республикасының әкімшілік юстиция сипаттамаларына қолдану мүмкін емес.

Одан басқа, прокуратура органдарында мемлекеттік тілді қолданудың деңгейі, мемлекеттік қызметте қазақ тілінде сөйлеу мен жазуды білу талаптарын қойылмауы, арыз, шағымдардың қазақ тіліндегі жауап мәтіндерінде жиі кездесетін грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық қателердің болуы – өзекті мәселе.

Осыған байланысты, прокуратура органдарында арыз, шағымдарға жауаптарды қазақ тілінде сапалы, жазылуы бақылауға алынуы қажет.

Тілдік нормаларға сай қазақ тіліндегі мәтіндердің мағынасы жағынан дәл, жалпыға ортақ түсінікті, ықшамды болу, кәсіби термин сөздерді, сөз тіркестерін жүйелі орнымен қолдану шарттарын сақтау ұсыныстары бар.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1) ҚР-сы ӘРПК-нің 21-бабына өзгертулер енгізу.

Қандай да бір себептермен ҚР ӘРПК-нің 21-бабында әкімшілік рәсімге қатысушылар болып арыз иесі мен мүдделі тұлға танылады.

Алайда, мысалы, мемлекеттік органдардың басшылары немесе басқа лауазымды тұлғалары әкімшілік рәсімге қатысушылары екені анық.

Осыған байланысты процеске қатысушылардың тізімін реттейтін Қылмыстық процестік және Азаматтық іс жүргізу кодекстерінің осындай ережелерімен салыстыруға негіз бар.

Бұл кодекстерде сәйкесінше қатысушы деп танылған субъектілердің толық тізімі бар: қылмыстық процестік және азаматтық іс жүргізу қатынастары.

Сол себепті, ҚР ӘРПК-нің 21-бабын келесі редакцияда толықтыруға негіз бар: «Арыз иесі мен мүдделі тұлға, сондай-ақ әкімшілік органдар мен оның лауазымдары әкімшілік рәсімдердің қатысушылары болып танылады».

2) Әкімшілік рәсімдердің объективтілігі мен бейтараптылығын қамтамасыз ету үшін заң шығарушы лауазымды адамға қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) институтын қарастырған.

Сонымен «лауазымды адам әкімшілік рәсімді жүзеге асыра алмайды егер ол:

- әкімшілік рәсімге қатысушы немесе оның өкілі ретінде осы әкімшілік рәсімге қатысқан болса;

- әкімшілік рәсімге қатысушының жақын туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылса;

- әкімшілік рәсімге қатысушыға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса».

Әкімшілік рәсімдердің объективтілігіне сарапшы, маман және аудармашы сияқты тұлғалардың біржақты болуы әсер етуі мүмкін. Әсіресе маманның түсіндірмелері мен сарапшылардың пікірлері өзекті.

Сол себепті, лауазымды адамға қоса ҚР ӘРПК-ге арыз иелерінің аудармашы, маман және сарапшы сияқты әкімшілік рәсімдерге қатысушыларға қарсылық білдіруді қолдануды көздейтін нормаларды енгізу ұсынылады.

3) Арыз, шағымдар бойынша әкімшілік рәсімді жүргізу тәртібі туралы ҚР ӘРПК-нің талаптарына сәйкес тіркеу, қабылдау, ең басты уәждерді қарау, оларды тексеру, арыз иесін тыңдау, шешім шығару, жауап беру, жүгіну, орындау құқықтарын түсіндіру тәртіптері әдістемелік құрал дайындау және оны тәжірибеде қолдану ұсынылады (әдістемелік ұсынымдар қоса берілді).

4) Арыз, шағымдар бойынша мемлекеттік тілде жолданған жауаптарды өрескел қателер жіберу және түсініксіз мәтінде жазу деректері кездеседі.

Оған себеп болған өзекті мәселелер:

- жауапты орындаушының мемлекеттік тілді толық меңгермеуі (қазақша ойлау қабілетінің болмауы);

- көбінесе жауаптарды орыс тілінде жазылған үлгілерге сүйеніп дайындау;

- аударма мәселесінде қазақ тілінің ерекшеліктері мен стильдік тұтастығын сақтамау;

- жауап мәтіндеріндегі стильдік, тілдік нормаларға байланысты түзету жұмыстарының жеткіліксіз болуы.

Жауаптар әуелі орыс тіліндегі хаттардың үлгілеріне негізделіп, қазақ тіліне техникалық тұрғыда аударылады.

Тікелей (калька) аударманың салдарынан қазақ тілінің нормалары сақталмайды.

Осы негізде тәжірибеде көп кездесетін калькаға негізделген сөздерді пайдаланбай, арыз, шағымдарға жауап дайындау кезінде дұрыс жазу кеңестері беріледі (әдістемелік ұсынымдар қоса берілді).

Зерттеудің нормативтік және эмпирикалық негіздері. ҚР-сы Конституциясы, «Прокуратура туралы», «Құқық қорғау туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдары, ҚР-сы ӘРПК, ҚР-сы Бас Прокурорының өтініштермен жұмыс, жеке қабылдау жүргізу ережелерін бекіту туралы бұйрықтары.

Зерттеудің теориялық негізі. Ғылыми еңбектер, арыз, шағымдар бойынша жұмыс жасау саласында дайындалған нұсқаулар, алгоритмдер, бірыңғай стандарттар, статистикалық есептер, ақпараттық-коммуникациялар мәліметтері мен алқа, жедел кеңес отырыстарының шешімдері, арыз, шағымдарға берілген жауаптар, шетелдік және мемлекетімізде қалыптасқан тәжірибелер.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Талдаулар, статистикалық есептер, салыстырмалы-құқықтық әдістер және тәжірибеде қалыптасқан құбылыстарды танудың өзге де тәсілдері.

Зерттеудің жаңалығы. Ұсынылған жұмыста арыз, шағымдар бойынша ұйымдастыру қызметі (соның ішінде оларға берілетін жауаптарды ресімдеудің) тиімділігін арттыруға бағытталған қолданбалы зерттеу еңбегі ретінде бірқатар кеңес, әдістемелік нұсқау дайындау қарастырылады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Зерттелген мәселелердің нәтижелері мен жекелеген аспектілері, жобадағы тұжырымдар мен ұсыныстар 2021 жылы 15-сәуірде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ғылым күніне орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткізілген «Жаңа жаһандық тұрпаттағы Қазақстан: экономикалық өрлеу және мүмкіндіктер» ғылыми-практикалық конференцияда талқыланды.

Осы конференцияның материалдар жинағында «Арыз, шағымдар бойынша жұмыс істеуде Қазақстан Республикасының заңнамасындағы әкімшілік юстицияның біріктіруші маңызы туралы» мақала жарияланды.

Сонымен бірге арыз, шағымдар бойынша ұйымдастыру қызметі бағытында зерттеу нәтижелерін Атырау қаласы прокуратурасы жұмысында тәжірибеге енгізу туралы акт бекітілді.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АРЫЗ, ШАҒЫМДАР БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Арыз, шағымдар бойынша жұмыс жүргізудің заңнамалық негіздері

Қазіргі уақытта өтініштермен жұмыс істеудің заңнамалық негізі – Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңдары.

Аталған құқықтық актілердің қолданылу мерзімі 2020 жылы 29 маусымда қабылданған ҚР-сы ӘРПК заңды күшіне енуімен 2021 жылдың 1 шілдесінде аяқталады, ол «мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін болады» [1].

ҚР-сы ӘРПК – әкімшілік процедуларды жүзеге асыру арқылы арыз, шағымдарды қарау бойынша жұмыс істеуді реттейтін негізгі құқықтық акт.

Кейбір мемлекеттік ведомстволарда ҚР-сы ӘРПК-нің нормативтік ережелері негізінде құрылған арыз, шағымдар бойынша жұмыс істеуді реттейтін салааралық заңға тәуелді актілері болуы мүмкін.

Олардың қатарына, мысалы прокуратура органдарында өтініштермен жұмыс жасауды және оларды қарау тәртібін реттейтін құқықтық актілер төмендегідей:

1) Бас Прокурордың 2017 жылғы 24 тамыздағы №87 бұйрығы «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау туралы» Қағидасы;

2) Бас Прокурордың 2018 жылғы 1 маусымдағы №72 бұйрығы «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында, ведомстволарында, мекемелерінде және білім беру ұйымында өтініштерді қарау туралы» Нұсқаулық;

3) Бас Прокурордың 2018 жылғы 12 сәуірдегі №50 бұйрығы «Қазақстан Республикасының прокуратура органдары, ведомстволары, мекемелері және білім беру ұйымында құжаттандыру және құжаттарды басқару туралы» Ереже (7-параграф);

4) Бас Прокурордың 2020 жылғы 15 қыркүйектегі №109 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Өтініштермен жұмыс және іс жүргізу департаменті туралы» Ереже;

5) Бас Прокурордың 2019 жылғы 28 тамыздағы №98 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқық қорғау қызметтері орталығының бірыңғай стандартын бекіту туралы»;

6) Бас Прокурордың 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу туралы» қағидалары;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитет Төрағасының 2018

жылғы 28 желтоқсандағы №142 бұйрығы «Прокурордың қадағалау қызметі туралы» статистикалық есептің 6 бөлімі «Прокурордың өтініштерді қарау, құқықтық түсіндіру жұмысы және өтініштерді қарау жөніндегі заңнаманың қолданылуын қадағалау жұмысының мәліметтерін қалыптастыру тәртібін бекіту туралы»;

8) Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №50 бұйрығы «Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына бейне конференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгінуі туралы» Ереже.

Арыз, шағымдар бойынша жұмыс жүргізудің заңнамалық негіздерінің құрылымын нақтырақ көрсету үшін оның институттарын былайша анықтауға кеңес береміз: *ведомстволық, ведомстволық емес және сот*.

Арыз, шағымдарды *ведомстволық* қарау институтын ҚР-сы ӘРПК-нің «Әкімшілік рәсім туралы» 3-бөлімі реттейді.

Бұл тарауда төмен тұрған органдардың (лауазымды адамдардың) әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығына түскен арыз, шағымдарды тиісті жоғары тұрған уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) қарау бойынша әкімшілік рәсімдердің мазмұнын толық реттеу жүйеленген.

Мысалы, ҚР-сы ӘРПК-нің 62-бабына сәйкес әкімшілік рәсімді қозғау үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) жолданым;
- 2) әкімшілік органның, лауазымды адамның бастамасы.

ҚР-сы ӘРПК-нің 63-бабына сәйкес «1. Ауызша нысанда берілген жолданымды әкімшілік органның жолданымды қабылдаған лауазымды адамы немесе жұмыскері жекелеген хаттамаға енгізеді.

2. Жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында берілген жолданымда, хаттамада:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмері (ол болған кезде), пошталық мекенжайы не заңды тұлғаны атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде);

- 2) жолданым берілетін әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы;
- 3) жолданымның мәні;
- 4) жолданымның берілген күні;
- 5) арыз иесінің немесе оның өкілінің қолы;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер көрсетіледі» [1].

Осы бөлімнің жеті тарауында әкімшілік рәсімді қозғау, әкімшілік істі қарау, әкімшілік акт, оңайлатылған әкімшілік рәсім, шағым жасау тәртібі (беру, қарау, шешімі) кезеңдерін реттейтін құқықтық нормалар бар.

ҚР-сы ӘРПК-нің 3-бөлімінің нормативтік ережелері жалпыға міндетті, негізгі болып табылады.

Арыз, шағымдар бойынша жұмыс істеудің заңнамалық негізінің екінші институты – *ведомстволық емес*.

Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік билік органдарының шешімдері мен актілеріне (лауазымды адамдардың әрекеттері мен әрекетсіздігіне) шағыммен жүгінуге құқылы бірқатар ведомстволық емес мемлекеттік институттар бар.

Олардың қатарына прокуратура органдары, Парламент депутаттары, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі уәкіл, ұлттық орталық кіреді.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы «Прокуратура туралы» Заңының 21-бабының талаптарына сәйкес прокурор заңдылықтың сақталуын тексеруді өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету арқылы келесі жағдайларда өтініштерді қарайды:

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы негізінде;
- физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды өзі дербес жүзеге асыра алмайтын адамдарға қатысты;
- шектелмеген адамдар қатарының құқықтарын мен бостандықтарын қорғау;
- адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптың алдын алу қажет болса;
- құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметінде құқық бұзушылықтардың орын алуы немесе ықтимал қауіп болған жағдайда;
- құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметінде мүдделер қақтығысы орын алуы;
- құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың немесе оның лауазымды адамдарының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалуы» [2].

Сонымен қатар, прокуратураның өтініштермен жұмысы Бас Прокурордың 2017 жылғы 24 тамыздағы №87 бұйрығы «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау туралы» қағидасы ержелерімен реттеледі.

Бас Прокурордың 2018 жылғы 1 маусымдағы №72 бұйрығы «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында, ведомстволарында, мекемелерінде және білім беру ұйымында өтініштерді қарау туралы» нұсқаулық прокуратура органдарында өтініштерді қарау құзыретін бекітеді.

Нұсқаулықта өтініштерді қарау кезінде прокуратураның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қойылатын талаптар көзделген.

Өтініштерге жауаптар дайындауды реттеуге арналған нормативтік ережелер егжей-тегжейлі көрсетіліп, толық бір тарау бөлінген.

Сонымен қатар прокуратура органдарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жағдайын жүйелі талдауды регламенттейтін нұсқаулықтың тарауына да ерекше назар аудару қажет.

Талдау жұмыстарының мақсаты:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың өтініш беруіне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;
- 2) қоғамдық қатынастардың тұрақтылығына кері әсерін тигізуі мүмкін ахуалдың дамуына болжам жасау;
- 3) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуын туғызатын себептерді уақтылы жою;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың бірыңғай тәжірибесін қалыптастыру;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жасауға байланысты ұйымдастыру қызметін жетілдіру.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы №2529 «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңының 25-бабына сәйкес депутаттардың өтініштерді қарау үшін депутаттық сауал және депутаттың үндеуін жолдау нысандары табылады [3].

Сонымен қатар, көрсетілген нормативтік актіде депутаттың «Парламент депутаттарын қоғамдық маңызы бар азаматтардың өтініштерімен таныстыру» құқығы қарастырылған [3].

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл – адам құқықтарын қорғаудың ұлттық институты, ол адам құқықтарын қорғаудың қолданыстағы тәсілдерін толықтыратын құрал.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің негізгі қызметі – келіп түскен өтініштерді қарау және қанағаттандыру арқылы азаматтардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруге көмектесу. Егер адам құқықтары жөніндегі Уәкіл адамдардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылу фактісін анықтаса, оларды қалпына келтіру бойынша белгілі бір ұсыныстар беруге құқылы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі «Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің лауазымын белгілеу туралы» Жарлығына сәйкес «өз қызметін жүзеге асыру кезінде уәкіл Қазақстан Республикасының азаматтарының, сондай-ақ шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдардың, олардың Конституциямен, заң актілерімен және халықаралық шарттарымен кепілдендірілген құқықтары мен бостандықтарын бұзатын лауазымды адамдар, ұйымдардың әрекеттері мен шешімдері туралы өтініштерін қарайды» [4].

Арыз, шағымдар бойынша жұмыс жасаудың заңнамалық негізінің үшінші институты – *сот*.

Бұл институт «Әкімшілік сот ісін жүргізу» атауымен ҚР-сы ӘРПК-нің 4-бөлімінде реттеледі.

Аталған бөлімде әкімшілік сот ісін жүргізудің тәртібін реттеу қамтылған. Демек, бөлімде әкімшілік істер бойынша сот ісін жүргізудің жалпы принциптері, әкімшілік істердің соттылығы, сот талқылауының басталуы, процессуалдық мәжбүрлеу шаралары, дәлелдемелер мен дәлелдеу және т.б.

әкімшілік сот ісін жүргізудің юрисдикциясын реттейтін тараулар қарастырылған.

Сонымен, біз арыз, шағымдар бойынша жұмыс жасаудың нормативтік ережелердің тұтас кешені ретінде ҚР-сы ӘРПК толық сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады.

Қазақстан Республикасында ҚР-сы ӘРПК-нің қабылдануы әкімшілік юстицияның пайда болуына байланысы бар.

Қазақстандық әкімшілік құқық үшін әкімшілік юстиция мәселелері Б.А. Жетпісбаев, Г.А. Худайбердина көбінесе инновациялық деп санауы негізсіз емес. [5].

Қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдары әкімшілік рәсімдер туралы барлық құқықтық актілерді біріктіре алмады, сондай-ақ қайталанатын нормалар, олардың арасындағы қайшылықтарды болдырмауға мүмкіндік бермеді.

Осыған байланысты ғалымдар «қазақстандық әкімшілік юстицияны Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарында, Азаматтық кодекстің жекелеген нормаларында және басқа да бекітілген нормалардың шашыраңқы жиынтығы ретінде атап өтті» [6].

Әрине, мұндай жағдайда Қазақстан Республикасында әкімшілік юстиция бар деп айтуға негіз болмаған.

ҚР-сы ӘРПК-нің қабылдануы республиканың құқықтық шеңберіне әкімшілік юстиция енгізуді білдіреді, өйткені ҚР-сы ӘРПК-тің 5-бабына сәйкес «әкімшілік рәсімдердің міндеттері:

жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру;

жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу;

тиімді және ашық мемлекеттік басқаруды, оның ішінде басқарушылық шешімдер қабылдауға тұлғалардың қатысуы арқылы қамтамасыз ету;

жария-құқықтық салада заңдылықты нығайту» [1].

Осы нормативтік актіні қабылдауға байланысты құқықтық қайта құрулардың мәні жөнінде А.Б. Ғаббасова бұл кодекс «адам мен мемлекет арасындағы қатынастардың «жүйелік орталықтан» «жеке центристік түріне көшуді іс жүзінде жүзеге асырды» деген тұжырымдарын жеткізеді [7].

Бұл мемлекет пен жеке тұлға арасындағы басымдықтарың арақатынасын өзгертуді қамтиды.

Осы уақытқа дейін барлық заңнамалық өзгерістерге қарамастан, мемлекеттің басымдығы сақталды. Жеке тұлғалар мемлекеттік құрылымдармен өзара әрекеттесу кезінде «сұрау» позициясында болды.

Қоғам мемлекет істеріне толық шамада қатыса алмады, бұл Е.В. Мицкаяға «мемлекеттік билік өкілдерін халықтың иелігінен шығару байқалатынын» айтуға мүмкіндік берді [8].

ҚР-сы ӘРПК-нің пайда болуынан бұрын өте ұзақ дайындық жұмыстары жүргізілді, ол тек заң шығару қызметін жүзеге асырумен ғана шектелмеді. Дайындық жұмысына, біздің ойымызша, азаматтық, ғылыми қоғамдастықтар мен билік құрылымдары өкілдерінің мемлекет пен жеке адам арасындағы қалыптасқан қатынастарды қайта қарау, сондай-ақ өзара әрекеттесудің жаңа форматтарын енгізуді игерді.

Бұл үдеріс дербес мемлекет - Қазақстан Республикасының қалыптасуы мен дамуының барлық кезеңдерін алды. Бұған Кеңес кезінен қалған мұра себеп болды.

Р.А. Подопригора «кеңестік саяси-құқықтық мәдениетінде азаматтар мен мемлекеттік органдарда дау туындауы мүмкін емес» деп есептеді [9].

Сол кездегі авторлар: «жұмысшылар мен әкімшілік арасындағы алауыздықты заңдастыратын әкімшілік юстиция институты кеңестік заңдарға органикалық тұрғыдан жат» [10] немесе «КСРО-да әкімшілік юстиция пен әкімшілік процестің пайда болуы мен дамуына негіз болмаған» деп көрсеткен [11].

Әкімшілік юстиция институтының пайда болу себебі ретінде тұлғаларды қуатты мемлекеттік басқарудың механизмінен қорғау болғандығын ескеру қажет.

Әкімшілік юстиция 18-19 ғасырдың аяғында Францияда Ұлы Француз төңкерісінен кейін пайда болды және алғашқы нұсқасынан кейбір айырмашылықтарды ескере отырып бүкіл Еуропаға тарады. Оның негізгі функционалдық мақсаты оның кейбір ерекше белгілеріне қарамастан, мемлекеттік басқару қызметіне тәуелсіз бақылауды жүзеге асыру болды.

КСРО ыдырығаннан кейін посткеңестік кеңістікте пайда болған мемлекеттер де өздерінің заң шығару жүйесіне әкімшілік юстицияны енгізе бастады.

Қазақстан Республикасында, сондай-ақ, барлық посткеңестік мемлекеттерде әкімшілік юстиция азаматтар мен мемлекет арасындағы қатынастарды өзгерту қажеттілігінен туындаған.

Біздің республикамызда тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік басқару аппараты толықтай қайта құрылғанына қарамастан, азаматтық қоғамның түрлі құрылымдарының өзара әрекеттесуінің негізгі қағидалары өзгерді, «бірнеше жыл бойы мемлекеттік органдарда өтініштерді қарау тәжірибесі өзекті мәселе болды» [12].

Мұндай жағдайдың себебін, Д.Бахрахтың келесі тұжырымы өте дәл жеткізеді: «...Мемлекеттік қызметкерлер менталитетінің тереңінде адамдарға қызмет етудің орнына, оларды басқару «әдеті» бар» [13].

Әкімшілік юстицияны енгізу шенеуніктердің де азаматтардың да қарым-қатынастарының жаңа парадигмасын қалыптастыру үшін олардың менталитетіне әсер етуі керек.

Көрсетілген оң күтілімдерге байланысты «әкімшілік юстиция» ұғымының мәнін нақтылау қажет болады.

Заң әдебиеттерінде әкімшілік юстицияның көптеген анықтамалары бар. С.И. Ибрагимов әкімшілік юстицияны «әкімшілік юстиция органдарының (соттардың немесе квази-сот органдарының) мемлекеттік басқару саласындағы заңдылықты бақылау және жеке адамдар, мемлекеттік басқару органдары арасындағы субъективті құқықтарды қорғауға бағытталған құқықтық дауларды шешу жөніндегі қызметі, заңсыз әкімшілік нормативтік актілерді, шешімдерді (нормативтік емес актілерді), әрекеттерді (әрекетсіздікті) тану арқылы заңды мүдделер мен заңның үстемдігі» деп анықтаған [14].

Бұл анықтаманы қазақстандық әкімшілік юстиция сипаттамаларына қолдану мүмкін емес, өйткені, біріншіден, республикада квази сот органдары жоқ, екіншіден, ҚР-сы ӘРПК-де соттан басқа әкімшілік орган мен лауазымды тұлға әкімшілік процедуралардың субъектілері ретінде көрсетілген.

Е.В.Смирнова әкімшілік юстицияны «арнайы әкімшілік процессуалдық рәсім шеңберінде жүзеге асырылатын және атқарушы билік органдарының қызметіне сот бақылауын қамтамасыз ететін сот органдарының жария құқықтық сипаттағы дауларды қарауы» деп түсінеді [15].

Анықтамада автор дауларды қараудың сот тәртібін ғана көрсетеді. Алайда, ҚР-сы ӘРПК-нің енгізілуімен отандық әкімшілік юстиция «өтініш негізінде немесе өз бастамасы бойынша әкімшілік орган, лауазымды тұлғаның әкімшілік істі қарау, шешім қабылдау және орындау жөніндегі қызметі, сонымен қатар жеңілдетілген әкімшілік рәсім тәртібімен іс-шаралар негізінде жүзеге асырылады» [1].

И.А. Филиппова «азамат пен мемлекеттік органдар арасында құқықтық қайшылықтарды шешуге негізделген арнайы іс-жүргізу заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару субъектілері құқықтық актілерінің, іс-әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығы туралы дауларды шешу бойынша әкімшілік соттардың ұйымдастырылуы мен қызметін реттеу ерекшелігіне байланысты құқықтық институт» ретінде қарастырады [16].

Алдыңғы авторлар сияқты, И.А. Филиппова қоғамдық-құқықтық дауларды шешу жөніндегі сот қызметі туралы ғана айтады. Осы автордың анықтамасы бойынша «азамат пен мемлекеттік билік арасында туындаған даулар» шешілуге жатады.

ҚР-сы ӘРПК-ге сәйкес «реттелетін қатынастардың қатысушылары мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар болып табылады».

Яғни, әкімшілік юстиция шеңберінде жеке және заңды тұлғалар сияқты мемлекеттік органдардың өкілдері деп танылған қатысушылар арасындағы қатынастар да реттелуге жатады.

Е.В. Мицкая «әкімшілік юстицияны қоғамдық-құқықтық дауларда тараптардың теңдігіне арналған жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдардың бұзушылықтары мен теріс пайдалануларынан қорғау механизмі» ретінде түсінуге болады деп санайды [12 б.116].

Бұл автордың анықтамасында әкімшілік юстицияның мазмұндық жағына емес, оның функционалдық мақсатына баса назар аударылады. Шынында да, әкімшілік юстицияның негізгі функционалдық мақсаты азаматтардың «мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдау құқығы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабында бекітілген [17].

Сонымен, әкімшілік юстиция туралы заң ғылымындағы анықтамаларға шолу жасау, сондай-ақ ҚР-сы ӘРПК-нің жеке ережелерін талдау оның негізгі компоненттерін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді, олар:

- қоғамдық-құқықтық сипаттағы дауларды қарау бойынша әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың және соттың қызметі;

- мемлекеттік билік өкілдері мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы дауларды шешу;

- дау нысанасы ретінде мемлекеттік басқару субъектілерінің құқықтық актілерінің, әрекеттері немесе әрекетсіздігінің заңдылығын қарау;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдардың бұзушылықтары мен теріс пайдалануларынан қорғау механизмі.

Нәтижесінде «Әкімшілік юстиция – әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың және соттың жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттік органдардың өкілдері арасындағы құқықтық актілердің, мемлекеттік басқару субъектілерінің әрекеттері мен әрекетсіздігінің заңдылығына қатысты дауларды шешу жөніндегі қызметі» деп тұжырымдауға болады.

Заң әдебиеттерінде құқықтық анықтамалардың мәнін көрсететін көптеген анықтамалар бар.

Мәселен, ғалымдар заңдық анықтамалардың келесі белгілерін атап өтеді:

- анықтау тұжырымдаманың мазмұнын ашатын логикалық операцияны білдіреді; [18]

- анықтамалар жалпыланған құбылыстардың тек маңызды белгілерін ғана көрсету; құқықтық негіздерді қамту; осы ерекшеліктердің толық жиынтығын тұжырымдау; қарама-қайшылықтар, анықталған тұжырымдамада қолданылатын терминдер болмауы керек [19].

Біздің ойымызша, негізгі айрықша белгілерді көрсету арқылы тұжырымдалған анықтама «әкімшілік юстиция» туралы ұғымның мәнін неғұрлым толық ашуға ықпал етеді.

1.2. Арыз, шағымдарды қарау жұмысын тиімді ұйымдастыру әдістері

ҚР-сы ӘРПК-нің мазмұнымен танысу келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді, арыз, шағымдарды қарау бойынша жұмысты тиімді ұйымдастырудың негізгі әдістері: әкімшілік рәсімдер (қараудың ведомстволық тәртібі), әкімшілік сот ісін жүргізу (қараудың сот процедурасы) және прокурорлық қадағалау (ведомстволық емес қарау тәртібі).

Осы әдістерді егжей-тегжейлі қарастырайық.

ҚР-сы ӘРПК-нің 4-бабының 8-тармағында «әкімшілік рәсім – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет» туралы түсініктеме берілген.

Әкімшілік рәсімнің міндеттері:

✓ «жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру;

✓ жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу;

✓ тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету;

✓ жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту» [1].

Жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтары, бостандықтары мен мүдделері Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабында айтылған: «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар» [17].

Е.К. Кубеев атап өткендей, «Қазақстан Республикасы Конституциясының потенциалы мемлекеттік басқару моделін құруға бағытталған, оның принциптері тиімділік, ашықтық және қоғам алдында есеп беру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты қорғау»[20]. Тиісінше, конституциялық құқықтарды жүзеге асыру мен Қазақстанның жоспарланған даму саясатын жүзеге асыру арасында ажырамас байланыс бар. Демек, қоғамдық биліктің институционалды күшіне өтініштер беру құқығын жүзеге асыру тікелей қатысты.

Бұл Қазақстан Республикасының қоғамға есеп беретін мемлекет құруға»[21], халықтың кері байланысын орнатып, тиімді мемлекетті қамтамасыз етуге бағытталғандығын көрсетеді [22]. Мұның бәрі де бюрократизацияға, мемлекеттік органдардың лауазымдары адамдары тарапынан болатын заңсыз әрекеттерін жоюға, жеке және заңды тұлғалардың да мүдделерін қорғауға, олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге және заңды талаптарын қанағаттандыруға ықпал етуі керек.

Мемлекеттік органның ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, тіркеу және қарау тәртібі ҚР-сы ӘРПК белгілеген ережелерге бағынуы керек.

ҚР-сы ӘРПК-те әкімшілік рәсімнің нақты мәселелерін реттейтін келесі тараулар айқындалған:

- ✓ Әкімшілік рәсімді қозғау;
- ✓ Әкімшілік істі қарау;
- ✓ Әкімшілік акт;
- ✓ Оңайлатылған әкімшілік рәсім;
- ✓ Шағым жасау тәртібі. Шағым беру;
- ✓ Шағымды қарау;
- ✓ Шағым бойынша шешім.

В.А. Зюзиннің әділ ескертуіне сәйкес, «лауазымды адамдарды заңда көрсетілгендей әрекет етуге мәжбүр ету мақсатында әкімшілік процедура құқықтық реттеледі, осылайша билік биліктегі емес субъектілерге өз бетінше күш қолдану қатынас ережелерін орнатуына жол бермейді» [23].

ҚР-сы ӘРПК-да әкімшілік істі қарау тәртібінің реттелуі өтініштерді қарау жөніндегі жұмыстың түбегейлі қайта құрылуын куәландырады. ҚР-сы ӘРПК-ге сәйкес әкімшілік органда өтінішті лауазымды адамның өзі немесе алқа құрамы қарауы мүмкін.

ҚР-сы ӘРПК-нің 72-бабы әкімшілік істі дұрыс қарау үшін маңызды фактілік жағдайларды жан-жақты, толық және объективті тексеруге қойылатын талаптарды белгілейді.

Біздің ойымызша, әкімшілік органға немесе оның лауазымды адамына өтініш берушінің пікірін ескермеуге мүмкіндік бермейтін ережелер ерекше маңызды. ҚР-сы ӘРПК-тің 72-бабының 5-бөлігіне сәйкес «әкімшілік орган, лауазымды адам қарау өздерінің құзыретіне жататын әкімшілік рәсімге қатысушылар ұсынған арыздар мен құжаттарды зерттеуден бас тартуға құқылы емес» [1].

Оның үстіне заң шығарушы әкімшілік органды немесе оның лауазымды адамына «әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруді міндеттейді» (73-бап 1-тармағы).

Дәл осылай, ҚР-сы ӘРПК қабылдағанға дейінгі жағдай сияқты лауазымды адамдарға формальды жауап беру мүмкіндіктері алынып тасталады.

Бұл норма өтініш берушінің басты уәждерін анықтау арқылы мемлекеттік органдардың шешімдеріне қатысты қайталама өтініштерді беру, уәкілетті жоғары тұрған орғанға шағым жасау әрекеттерінің алдын алады.

Осы нормативтік ережелер әкімшілік органды және лауазымды адамын арыз иелері, мүдделі тұлғалармен ашық диалог құруға, оның барысында арыз иелері сөз сөйлеуге және тыңдалуға, сондай-ақ арыз иесінің мәселесін шешуге құзыретті адамдардан шешім қабылдау үшін тікелей дәлелдер алуға міндеттейді.

Сонымен қатар, әкімшілік рәсім қатысушыларына іс бойынша шешімге қарсылық білдіру құқығын береді.

Алғаш рет әкімшілік рәсімде тыңдау хаттамасын жүргізу туралы нормативтік ережелер енгізілген (ӘРПК 74-бап).

Осы уақытқа дейін отандық заң ғылымында сотқа дейінгі тергеп-тексеру және басқа процессуалдық әрекеттердің хаттамалары, сот отырысының хаттамасы (әкімшілік құқық бұзушылық істер, қылмыстық істер бойынша) белгілі. Бұл нормативтік құжаттың анықтамасы келесідей: «хаттама – қылмыстық процесті жүргізетін орган жасайтын процестік әрекет тіркелетін іс жүргізу құжаты» [24].

ҚР-сы ӘРПК-тің 74-бабымен танысу тыңдау хаттамасының нысаны мен мазмұны бойынша жоғарыда аталған нормативтік анықтамаға толық сәйкес келетіндігіне кепілдік береді.

Тыңдау хаттамасында барлық қажетті мәліметтер көрсетіледі:

- 1) әкімшілік іс қаралатын орын мен күн, оның басталатын және аяқталатын уақыты;
- 2) әкімшілік органның атауы, лауазымды адамның, хатшының тектері және аты-жөні;
- 3) әкімшілік рәсімге қатысушы және (немесе) әкімшілік іске қатысатын өзге де адам туралы мәліметтер.

Әрі қарай тыңдаудың барысы мен нәтижелерінің сипаттамасына сәйкес келетін қарастырылып отырған мәселенің мазмұны және қатысушылардың түсіндірмелері, сұрақтары мен жауаптарының, сөйлеген сөздерінің мазмұны көрініс табады.

Сондай-ақ, кез-келген хаттаманы жасау кезінде әдеттегідей, тыңдау хаттамасының соңында қатысушылар оның мазмұнымен танысуға және өз пікірлерін білдіруге құқылы.

Әкімшілік орган немесе лауазымды адам хаттамаға енгізілген ескертулерді қарауға және оны толық немесе ішінара қанағаттандыру, қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті.

Арыз, шағымдарды қараудың осындай егжей-тегжейлі реттелуі – отандық заңнаманың жаңалығы.

Бұл тиісті лауазымды тұлғалардың жеке және заңды тұлғалардың арыз, шағымдарын елемей қарау мүмкіндігін жоққа шығарады.

Аталған ереже әкімшілік органның немесе оның лауазымды адамының арыз, шағымдарды қарау тәртібіне қатысты ерік қалауымен қарауды болдырмайды, яғни осы уақытқа дейін мемлекеттік билік құрылымында орын алған бюрократияға күшті соққы болды.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз, шағымдарын ҚР-сы ӘРПК-ға сәйкес қараудың жаңа тәртібі алдыңғы заңдармен салыстырғанда артықшылықтарын көрсетеді.

Әкімшілік істі қарау нәтижелері бойынша шешімдер қабылданады:

- 1) әкімшілік актіні қабылдау туралы;
- 2) әкімшілік рәсімді тоқтату туралы (77-бап).

Әкімшілік акт - жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім (4-бап 1-бөлігі 4-тармағы).

Әкімшілік актілер қолайлы және ауыртпалық салатын болып бөлінеді.

Қолайлы – әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асыратын немесе оған жүктелген міндетті тоқтататын, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде жақсартатын акт.

Ауыртпалық салатын – әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартатын, шектейтін, тоқтататын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде нашарлататын акт (4-бап).

Алайда, ҚР-сы ӘРПК-нің редакциясында бірқатар кемшіліктер бар.

Бірінші кемшілікті қарау үшін бірқатар түсініктеме беру керек. Біздің ойымызша, процедура (рәсім) термині «процесс» терминіне өте жақын. Мұны орыс тілінің келесі түсіндірмелері бар сөздіктер дәлелдейді.

- Процедура (латын тілінде *procedere* – қозғалу) Кез-келген істі орындау немесе орындау үшін белгіленген іс-қимылдар тізбегі. Дауыс беру процедурасы. Шартқа қол қою рәсімі.

- Қозғалыс, кез-келген жағдайда әрекеттер тізбегі [25].

Ушаков сөздігі бойынша процедура (рәсім) сөзінің мағынасы:

ПРОЦЕДУРА (РӘСІМ) процедуралар (рәсімдер) (латын тілінде – *procedo* – алға қозғалу).

1) Орындау реті, бір нәрсені орындау үшін қажетті дәйекті әрекеттер тізбегі [26].

Процесс (латын тілінде *processus* – «үрдіс», «қозғалу», «қозғалыс»):

Кез-келген құбылыстың, жәй-күйдің және т.с.с., кез келген нәрсенің даму барысының дәйекті өзгеруі [27].

Осы терминдерді ҚР ӘРПК редакциясында қолдану әкімшілік істерді ведомстволық және сот тәртібінде қарауды саралау қажеттілігімен байланысты.

Іс жүзінде ведомстволық тәртіпте де, сотта іс жүргізуде де біз уәкілетті мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар) жеке және заңды тұлғалардың арыз, шағымдарын қарау тәртібі, іс-әрекеттерінің реттілігі туралы айтып отырмыз.

Осыған байланысты процеске қатысушылардың тізімін реттейтін Қылмыстық процестік және Азаматтық іс жүргізу кодекстерінің осындай ережелерімен салыстыруға негіз бар.

Бұл кодекстерде сәйкесінше қатысушы деп танылған субъектілердің толық тізімі бар: қылмыстық процестік және азаматтық іс жүргізу қатынастары.

Қандай да бір себептермен ҚР ӘРПК-нің 21-бабында әкімшілік рәсімге қатысушылар болып арыз иесі мен мүдделі тұлға танылады.

Алайда, мысалы, мемлекеттік органдардың басшылары немесе басқа лауазымды тұлғалары әкімшілік рәсімге қатысушылары екені анық.

Сонымен ҚР ӘРПК-нің 7-бабында «Зандылық қағидаты» әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыратыны туралы нақты айтады.

ҚР ӘРПК-нің 20-бабының 1-бөлігінде әкімшілік органның, лауазымды тұлғаның әкімшілік рәсім барысында мынадай өкілеттіктері белгіленген:

«1) жолданымдарды қабылдайды және тіркейді, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдеседі, формальды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік береді;

2) әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

3) әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

4) әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізілетін тыңдаудың орны мен уақыты туралы күні бұрын хабардар етеді;

5) осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдайды;

6) әкімшілік актіні осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімге қатысушының не олардың өкілдерінің назарына жеткізеді;

7) осы Кодексте белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тартады» [1].

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының әкімшілік рәсімдерге қатысуы ҚР ӘРПК-ның 3-бөліміндегі тараулардың басқа да көптеген жеке нормаларында көрсетілген.

Осыған байланысты, біз ҚР ӘРПК-нің 21-бабына өзгертулер енгізуге және оны келесі редакцияда айтуға негіз бар деп санаймыз: «Арыз иесі мен мүдделі тұлға, сондай-ақ әкімшілік органдар мен оның лауазымдары әкімшілік рәсімдердің қатысушылары болып танылады».

Әкімшілік рәсімдердің объективтілігі мен бейтараптылығын қамтамасыз ету үшін заң шығарушы лауазымда адамға қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) институтын қарастырды.

Сонымен «лауазымды адам әкімшілік рәсімді жүзеге асыра алмайды егер ол:

1) әкімшілік рәсімге қатысушы немесе оның өкілі ретінде осы әкімшілік рәсімге қатысқан болса;

2) әкімшілік рәсімге қатысушының жақын туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылса;

3) әкімшілік рәсімге қатысушыға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса» [1].

Алайда, әкімшілік рәсімдердің объективтілігіне сарапшы, маман және аудармашы сияқты тұлғалардың біржақты болуы әсер етуі мүмкін. Әсіресе маманның түсіндірмелері мен сарапшылардың пікірлері өзекті.

Салыстыру үшін аталған адамдарға қарсылық білдіруге негіздер келтірілген: Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу кодексінің (*бұдан әрі – ҚР-сы АІЖК*) 39-бабы прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға,

консультантқа, сот отырысының хатшысына қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту), аудармашыға және маманға қарсылық білдіру (Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 92-бабы, *бұдан әрі – ҚР ҚПК*), сарапшыға қарсылық білдіру (ҚР ҚПК-нің 93-бабы).

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 762-бабына сәйкес «сот отырысының хатшысы, сот приставы, сарапшы мен аудармашы, егер: олар әкімшілік жауаптылыққа тартылып жатқан адаммен, жәбірленушімен, олардың өкілдерімен, қорғаушымен, өкілмен, іс жүргізуінде осы іс жатқан прокурормен, судьямен, лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса не олар бұрын осы іс бойынша істі жүргізуге өзге де қатысушылар ретінде әрекет етсе, олардың біліксіз екені анықталса, сол сияқты бұл адамдарды осы іске тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп есептеуге негіздер болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысуға жіберілмейді [28].

Адамның іске сарапшы ретінде алдыңғы қатысуы, оның қатысуымен жүргізілген сараптамадан кейін сараптама қайта тағайындалатын жағдайларда, оған сараптама жүргізуді тапсыруды болғызбайтын мән-жай болып табылады».

Біздің пікірімізше сарапшыға немесе маманға қарсылық білдіру тек істің бейтараптылығы қамтамасыз етуге деген ұмтылыс қана емес, сонымен қатар сараптама қорытындысының немесе маманның түсіндірмелерінің сенімділігін қамтамасыз қажеттілігі болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, бұл адамдарға қарсылық білдіруге негіз бола алады.

Мысалы, Ақмола облысында экологиялық сала тұрғындар үшін өзекті мәселе. Егер бұрын жергілікті экологиялық проблема қоғамда резонанс тудырған болса (Калачи ауылы мен Красногор селосы) енді басқа елді мекен Степногорск қаласындағы Бестөбе ауылының тұрғындары арасында ЖШС «Қазақалтын Технологиясы» цианидті қоқыс үйіндісінің құрылысын салуға наразылық пайда болды. Тұрғындар мен қоғам пікірлері аймақтың экологиясына және адамдардың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін.

Быттыр Степногорск қаласының прокуратурасына Бестөбе елді мекенінің 1 149 тұрғынан (07.07.2020ж. №ЖТ-ҰЖ-0202-20-00325) жоғарыда аталған қалдық қоймасының құрылысын тоқтату туралы ұжымдық өтініш түскен (09.07.2020ж. Степногорск қаласының әкімдігіне жолданды).

Кейіннен Степногорск қаласының прокуратурасына бастамашыл топтан (13.07.2020ж. №ЖТ-ҰЖ-0202-20-00340) қалдық қоймасының құрылысына келісім беру жөніндегі сауалнамаларды бұрмалау туралы шағым түскен.

Бұл жағдайда тиісті мамандардың қатысуы немесе сараптамалық қорытынды алу қажет. Сонымен қатар, әкімшілік органдардың қолданған шараларына қатысты күдік болған. Көрсетілген елді мекендердің тұрғындары - өтініш берушілер, әкімшілік органдары да тарапынан сарапшыларға немесе мамандарға қатысты қарсылық білдіру мүмкін еді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ҚР ӘРПК-ге өтініш берушілердің аудармашы, маман және сарапшы сияқты әкімшілік рәсімдерге қатысушыларға қарсылық білдіруді қолдануды көздейтін нормаларды енгізу ұсынылады.

Өтініштерді қарау бойынша жұмысты тиімді ұйымдастырудың келесі әдісі – әкімшілік сот ісін жүргізу.

ҚР ӘРПК-ге сәйкес «әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидастары мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, осы Кодексте айқындалады.

Егер осы Кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде ҚР-сы АІЖК-нің ережелері қолданылады» [1].

Сотта әкімшілік іс келесі талап қою негіздерде қозғалады:

✓ дау айту туралы талап қою – ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабы (ҚР-сы ӘРПК 132-бап);

✓ мәжбүрлеу туралы талап қою – талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органның, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі (ҚР ӘРПК 133-бап);

✓ әрекет жасау туралы талап қою – талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актіні қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қалыс қалуды талап етуі (ҚР-сы ӘРПК 134-бап);

✓ тану туралы талап қою – қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі (ҚР-сы ӘРПК 135-бап).

Дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі (ҚР-сы ӘРПК 136-бап).

Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» Заңының 1-бабының 3-бөлігіне сәйкес «тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға) медиация рәсімі қолданылмайды» [29].

Бұл медиация институты әкімшілік іс жүргізу кезінде қолданылмайтындығын білдірді.

Алайда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылдың 29 маусымында қабылданған № 351-VI Заңына сәйкес «Медиация туралы» Заңының 3-бөлімі 1-бабы өзгертіліп, келесі редакцияда баяндалады: «Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын дауларға (жанжалдарға) медиация рәсімі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қолданылады».

Осылайша, ҚР-сы ӘРПК-ге сәйкес әкімшілік сот ісін жүргізу татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен келісім жасасу арқылы аяқталуы мүмкін.

Үш нысанда да: бітімгершілік рәсімдері, медиация және партисипативтік рәсім жасау дауды шешудің диспозитивті процедурасын қарастырады, оның барысында тараптар өзара тиімді келісімге келеді.

Алайда, сонымен бірге соттың жетекші рөлі қалады:

- өтініштерді қарауда татуласу, медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібінде шешім қабылдауға рұқсат ету;
- татуласу, медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібінде дауды реттеу туралы келісімнің заңға сәйкестігін тексеру;
- осындай келісімді бекіту немесе бас тарту туралы шешім қабылдау;
- келісім бойынша ерікті түрде орындалмаған жағдайларда мәжбүрлеп орындау үшін атқару парағын беру.

Сот талқылауы кезінде келесі мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сот отырысы залынан шығарып жіберу;
- 3) ақшалай өндіріп алу.

Мәжбүрлеу шаралары жеке және заңды тұлғаларға ғана емес, әкімшілік органдардың лауазымды адамдарына да қолданылуы мүмкін екендігі назар аудартады.

Сонымен, ҚР-сы ӘРПК-нің 127-бабының 2-бөлігіне сәйкес «ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен бастап бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде қолданылады» [1].

Отандық заңнамадағы бұл ереже жаңалық болып табылады. Әкімшілік органның лауазымды адамына мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай айыппұл салу мүмкіндігін қарастыра отырып, заң шығарушы тараптарды (арыз иесі мен лауазымды тұлғаны) тең деп санайтындығы атап көрсетілген. Лауазымды тұлға мемлекеттік әкімшілік органның өкілі болғанына қарамастан, заң алдында жеке немесе заңды тұлғамен тең құқылы.

Сот ісін жүргізу пәні – жария-құқықтық даулар. Нақты айтқанда бұл жағдайларда тараптар тең емес. Бір жағынан мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары, екінші жағынан қарапайым азаматтар – жеке адамдар, заңды тұлғалар.

Әкімшілік органның лауазымды адамдары өздерінің өкілеттіктерін сот залында көрсету құқығы болмаған жағдайда да, мемлекеттік биліктің күші көрінеді.

ҚР-сы ӘРПК екі тарапқа бірдей процессуалдық құқықтар береді.

Е.В. Мицкая «осы негізде жария-құқықтық даулар ерекше талап қою тәртібінде азаматтық процесте қаралады, дегенмен ерекшеліктеріне қатысты арнайы ережелерін белгілемейді. Жария-құқықтық дауларды азаматтық іс жүргізу шеңберінде қарау табиғаты бойынша сот ісі болып табылмайды, сондықтан әкімшілік сот ісін жүргізудің толық нысандарына ие болмады. Бұл мемлекеттік органдардың әрекеттері мен шешімдерінің жауапкершілігін күшейту мақсатында жария-құқықтық дауларды шешудің ерекше рәсімдік нысанын бөліп көрсетуді қажет етеді» [12].

Сондықтан, Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілік юстицияны енгізу мақсатында іс жүргізу заңнамасын жетілдіру перспективаларын айқындау міндеті қойғаны кездейсоқ емес [22]. Басқаша айтқанда, оны жүзеге асырудың қажеттілігі жария-құқықтық дауларды шешу нормалары дербес әкімшілік рәсім тәртібінде қамтамасыз етілуі керек.

Осылайша іс жүзінде ҚР-сы ӘРПК-де барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі қағидасы бар деп айта аламыз. Алайда, ол әкімшілік рәсімдер, әкімшілік іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ережелерде (біз осы санатқа әкімшілік орган мен оның лауазымды адамдарын қосамыз) «таратылып» көрсетілген. Құқық принципі арнайы ережелер түрінде ресімделуі керек. Сондықтан ҚР-сы ӘРПК-ге 9-1-бабын енгізу арқылы келесі редакцияда толықтыруы орынды деп санаймыз:

«1. Әкімшілік сот ісін жүргізу бойынша сот төрелігі барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі қағидасы негізінде жүзеге асырылады.

2. Сот іске қатысушы барлық адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сот арқылы тең қорғауды қамтамасыз етеді».

Жеке және заңды тұлғалардың арыз, шағымдарын тиімді қараудың келесі әдісі ҚР-сы ӘРПК-де прокурорлық қадағалау түрінде көрсетілген (қараудың ведомстволық емес тәртібі).

ҚР-сы ӘРПК-нің 31-бабының 1-бөлігіне сәйкес «әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына жоғары қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей де, өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да жүзеге асырады» [1].

Прокурорлық қадағалау түсінігін әкімшілік юстиция тұрғысынан саралау қажет.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы «Прокуратура туралы» Заңының 21-бабының талаптарына сәйкес прокурор заңдылықтың сақталуын тексеруді өз құзыреті шегінде қамтамасыз етеді:

«-Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы негізінде;

- мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының

қызметінде заңдылықты бұзушылықтар не олардың басталу қаупі болған жағдайда:

1) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды өзі дербес жүзеге асыра алмайтын адамдарға қатысты;

2) шектелмеген адамдар қатарының құқықтарын мен бостандықтарын қорғау;

3) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптың алдын алуға қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін қабылданады» [2].

Прокурор қадағалауды жүзеге асыру барысында «құзыретінде тексеріс жүргізу кіретін уәкілетті мемлекеттік органға тексеріс жүргізуді тапсыруға құқығы бар, мына жағдайларды қоспағанда:

1) осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 1)-тармақшасында көзделген жағдайды (Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы), сондай-ақ құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру кезінде жүргізілетін тексерістерді;

2) осы органның не оның лауазымды адамдарының қызметіндегі мүдделер қақтығысы орын алуы;

3) тексеріс тағайындауға осы органның не оның лауазымды адамының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым себеп болуы» [2].

Прокурор қадағалауды жүзеге асыра отырып, жеке және заңды тұлғалардың арыз, шағымдарын қарайтын мемлекеттік орган ретінде әрекет етеді.

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңымен үйлестірілген ҚР Бас Прокурордың 2017 жылғы 24 тамыздағы №87 бұйрығы «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау туралы» қағидасы бірінші орында.

Дегенмен, қағидаға ҚР-сы ӘРПК-нің қабылдануына байланысты түзетулер енгізілмеген.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижесінде прокурор тексеріс жүргізеді, ол бойынша қаулы шығарылады, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда тіркеледі.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 9-бабына сәйкес «тексерілетін субъектілер немесе олардың уәкілетті өкілдері прокурорлар тексеріс жүргізген кезде міндетті:

1) прокуратура органдарының лауазымды адамдарының тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

Прокуратура органдарының лауазымды адамдарының режимдік объектілердің аумағына және үй-жайларына кіруі тексерілетін ұйымда белгіленген өткізу және объектішілік режимдер туралы талаптар ескеріле отырып қамтамасыз етіледі;

2) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, прокуратура органдарының лауазымды адамдарына тексеріс нысанасы шегінде қағаз және электрондық жеткізгіштегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеріс нәтижелері туралы анықтамаға қоса тіркеу үшін беруге, сондай-ақ органдар мен ұйымдардың құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелері мен ресурстарына қолжетімділік жасауға;

3) тексеріс тағайындау туралы қаулымен және оның нәтижелері туралы анықтамамен танысуға және оларды қол қойып алуға;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы талаптарға сәйкес тексерісті жүзеге асыратын адамдар үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге» [2].

Тексеру нәтижелері бойынша заң бұзушылықтар анықталған жағдайларда наразылық келтіріледі. «Наразылық заңсыз актіні, шешімді қабылдаған органға немесе лауазымды адамға, немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға келтіріледі. Органның немесе лауазымды адамның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық осындай тәртіппен білдіріледі» [2].

Әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысушы прокурор өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындау үшін келесі жағдайлардан туындайтын әкімшілік істер бойынша қорытынды беру үшін процеске кіріседі:

- салықтық, кедендік, бюджеттік қатынастар;
- табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау;
- табиғи ресурстарды пайдалану және молайту саласындағы қатынастар;
- мемлекеттен және мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау кезінде мемлекеттік сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау;
- сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау;
- әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға байланысты өзі дербес қорғауды жүзеге асыра алмайтын адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- шектелмеген тұлғалар тобының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеуі мүмкін болғанда [1].

Прокурор азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін сотқа талап қоюмен жүгінуге құқылы:

1) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға орай құқықтары мен мүдделерін қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдардың;

2) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас салдарларды болдырмау үшін қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және мүдделерін қорғау.

Сот талқылауы барысында прокурор әкімшілік процестің қатардағы қатысушысы ретінде әрекет етеді және тәртіпті сақтауға, судьяның талаптарына бағынуға міндетті. Прокурорға процессуалдық құқықтар мен міндеттер берілген.

Сотта талапкер немесе жауапкер ретінде қараған дауда прокуратура органдарының мүдделерін білдіретін прокурор тараптың процессуалдық құқықтары мен міндеттерін қолданады. Егер әкімшілік іс прокурордың талабы негізінде қозғалған болса, ол іс бойынша қорытынды бермейді.

Осылайша, жеке және заңды тұлғалардың өтініштермен жұмыс бойынша прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде

- прокурорлар қолданыстағы заңнамаға сәйкес азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

- өтініштерді қарау тәртібінде прокурорлар мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттері мен шешімдерін тексеруді ұйымдастырады;

- тексеру нәтижелері бойынша заң бұзушылықтар анықталған жағдайларда заңды бұзған әкімшілік органға наразылық келтіріледі;

- әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысқан кезде прокурор әкімшілік істер бойынша заңда көзделген құзыреті шегінде қорытынды береді;

- әкімшілік сот ісін жүргізу кезінде прокурор мемлекеттің, қоғамның, сондай-ақ физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты өз құқықтарын қорғай алмайтын адамдардың мүдделерін білдіреді.

Зерттеу нәтижесінде ҚР-сы ӘРПК-де қарастырылған арыз, шағымдарды қарау бойынша жұмысты ұйымдастыру әдістері өзара байланысты құқықтық институттардың кешенін құрайды, олар жеке адамдар мен заңды тұлғалардың мүдделерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз етуі керек деген қорытындыға келеміз.

1.3. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Электрондық өтініштер (Е-өтініштер)

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы «Электронды өтініш» жобасын іске асыруды көздейді. Жауапты орган – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті.

Жоба мемлекеттік органдарда өтініштермен жұмысты өңдеуге арналған ақпараттық-талдамалық жүйені әзірлеуді және енгізуді қамтиды.

Мақсаты – мемлекеттік органдардың өтініштермен жұмысы үшін бірыңғай ақпараттық ортаны құру, өтініштерді қарау үдерістерін жаңарту және оңтайландыру, сервистік тәсілді арттыру, сонымен қатар өтініштерді талдау мүмкіндіктерін кеңейту.

Жобаны іске асыру үшін әзірленген тұжырымдамалық тәсілдердің дұрыстығын тексеру мақсатында 2020 жылдың 10 қарашасынан бастап Ақмола облысының Көкшетау қаласы, Ақкөл және Целиноград аудандары, Қарағанды облысының Осакаров ауданы мемлекеттік органдары (құқық қорғау органдары мен соттарды қоспағанда) «Е-өтініш» бағдарламалық жасақтамасын сынақтан өткізді.

«Е-өтініш» жобалық жүйесінде:

- өтініштерді қабылдау және тіркеу;
- өтініш берушілерге талон беру;
- жауапты орындаушыларды белгілеу;
- өтініштерді қарау, жауаптарды қалыптастыру, келісу, қол қоюға жауапты мемлекеттік органдардың арасында ақпарат алмасу;
- өтініш беруші туралы толық алуға мүмкіндік беретін «Өтініш берушінің портреті» (берілген өтініштер саны, органдар, өтініштерді қарау туралы мәліметтер және т.б.);
- мемлекеттік органдар арасында өтініштерді бөлу;
- азаматтардан жиі қойылатын сұрақтар бойынша жедел кеңес алуға арналған «Білім қоры» қызметі;
- аналитикалық есептерді шығаруға арналған жүйенің жұмыс қабілеттілігі (өтініштер түрлері, сипаты, өтініш беру аймақтары және т.б. бойынша) функционалдары тексерілді.

Жоба жүйесіне қатысқан мемлекеттік органдардың ақпараттарына сәйкес аталған бағдарламалық жасақтаманың жұмысына шағымдар болмаған.

Сонымен бірге жақсарту бойынша жекелеген ұсыныстар берілген.

Мысалы, Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдары өтініштерді қарау мерзімдері мен түрлерін түзетуге рұқсат беру, талонда жауапты орындаушының телефон нөмірін көрсету, сондай-ақ өтініш берушінің телефонына автоматты түрде өтініштерді тіркеу, қарау мәліметтері туралы SMS-хабарламаларды жіберу, өтініштерді облыстың аудандары бойынша

жіктелген электронды тіркеу журналын толықтыру (қазіргі кезде тек органдар жиынтығы бар).

Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдары жаңа өтініштердің түсуі және қарау мерзімдеріне бақылау жүргізу хабарламаларын түстермен белгілеу арқылы кодтауды ұсынады.

Президенттің көмекшісі – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің өтініштерін қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі Т.Б. Дүйсенова Ақмола облысы Ақкөл ауданындағы пилоттық жобаның барысымен танысты, ол жасалған жұмысқа оң бағасын берген.

Жобаның негізгі міндеттері:

1. Өтініш беру тәртібін оңтайландыру.

Өтініштердің жолдануын уәкілетті органдардың құзыреттілігі бойынша дұрыс бағыттау, деректемелерді толтыру автоматтандырылады және бірдей сұрақтар бойынша өтініштердің арнайы үлгілерін жасалады.

Жеке немесе заңды тұлғалар 1 өтінішті жолдау арқылы бірнеше мемлекеттік органдардан толық жауап алу мүмкіндігі бар. Яғни, бір мәселе бойынша бірнеше органға жүгіну қажеттілігі болмайды.

2. Өтініштерді қарау барысының ақпараттылығы.

Ақпарат пайдаланушылары өтініштерді «Электрондық үкіметтің» порталымен жіберсе жеке кабинетінде, ал пошта операторлары желісімен жолдаған болса SMS-хабарламалар арқылы мәліметтер алуға мүмкіндігі бар.

3. Жауаптардың сапасын бағалау қызметін енгізу.

Егер өтініштерді «Электрондық үкіметтің» порталымен жіберсе жеке кабинетінде, ал пошта операторлары желісімен жолдаған болса SMS-хабарламалар арқылы бағалауды жүзеге асырады.

4. Талдау.

«Өтініш берушілердің бірыңғай базасы» құрылады, ол өтініштер туралы мәліметтердің (кім, қайда, не үшін, қандай сұрақтар бойынша, жауап мәтіні, өтініш беруші бұл жауапты қалай бағалайды) сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл деректерді аналитикалық ақпараттар түрінде аймақтар, мемлекеттік органдар, өтініштер мәселелері, өтініш берушілердің әлеуметтік жағдайы және басқа да маңызды мәліметтер тұрғысынан алуға болады.

Пилот режимінде «Е-өтініш» бағдарламалық жасақтамасын сынақтан өткізу нәтижелері мен әзірленген тұжырымдалық тәсілдер «электрондық өтініш» жобасын тиімді жүзеге асыруға қолдану қажеттілігін көрсетті.

Аталған электрондық құралдар мемлекеттік органдардың жұмысына белсенді қарқынмен енетін болады.

Компьютерлер мен мобильді құрылғылар пайда болғанға дейін азаматтар құзырлы мемлекеттік органдардың кеңсесіне өтінішті жеке өзі тапсыру немесе пошта арқылы жіберу керек болған. Бұл әдістер уақытты және материалдық ресурстарды қажет етті.

Осылайша, азаматтардың билікке жүгіну құқығын цифрландыру қоғамның даму жолындағы жаңа қадам болды.

Дегенмен, өтініштермен жұмыс істеуде электрондық принциптерді енгізе отырып, инновациялар мен мүмкін болатын салдары да жан-жақты зерттелуі тиіс.

Азаматтар мен мемлекеттік органдар қызметкерлері арасында электронды қарым-қатынасты қалыптастыру үшін келесі бағыттарды ұсынуға болады (бұл ретте ҚПК-нің нормаларына сәйкес реттелетін қатынастар: сотқа жолданған, процестік шешімдер қабылданбаған қылмыстық істерге қатысты емес):


- баламалы түрде мемлекеттік органдарға тікелей өтініштерді жолдау, электрондық пошталарына жіберу мүмкіндіктерін жою;
- өтініштерді электронды түрде бірыңғай жүйеде авторизацияланған сервис тәсілдері арқылы қабылдау (аталған тұлғадан түскен өтініш санын анықтауға, анонимдік өтініштердің болмауына мүмкіндік береді);
- мемлекеттік органдар қызметкерлері қазіргі заманғы технологияларды білу және пайдалану қабілетінің болуы.

1.4. Прокуратура органдарында өтініштермен жұмыстың қазіргі жағдайы және мәселелері

Бас прокуратура 2021 жылдың 2 айындағы республиканың прокуратура органдарында өтініштермен жұмыстың, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау жай-күйіне талдау жүргізген.

Биыл қаңтар, ақпан айларында прокуратура органдарына 37 073 өтініш келіп түскен, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5%-ке көп (35 252).

№1 диаграмма



Динамикасына қарай өтініштердің прокуратура органдарына түсуі көбейген:

Нұр-Сұлтан қаласы 14%-ке (2 449-дан 2 792-ге дейін);

Алматы қаласы 8%-ге (4 031-ден 4 350-ге дейін);

Ақмола облысы 30%-ға (1 480-ден 1 919-ға дейін);

Ақтөбе облысы 4%-ке (1 107-ден 1 151-ге дейін);

Алматы облысы 2%-ге (1 881-ден 1 922-ге дейін);

Қарағанды облысы 11%-ге (1 927-ден 2 142-ге дейін);

Солтүстік Қазақстан облысы 13%-ке (681-ден 767-ге дейін);


Түркістан облысы 4%-ке (1 272-ден 1 317-ге дейін);

Бас әскери прокуратурада 12%-ке (301-ден 336-ға дейін);

Бас көлік прокуратурасында 9%-ке (299-дан 326-ға дейін);


ҚСЖАЕК-де 42%-ке (2 214-тен 3 143-ке дейін).

№2 диаграмма




Прокурорлық қадағалау салаларына қарай ең көп өтініштер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қадағалау бағыты бойынша 13 860 (13 542) түскен немесе өтініштердің жалпы санының 37% (38%) болды.

№3 диаграмма



Прокуратура органдары барлығы 32 789 өтінішті қарады, ол 2020 жылдың 2 айымен салыстырғанда 4%-ке көп (31 471).

№4 диаграмма



Өтініштердің мәні бойынша шешілгені – 17 904 (17 638) немесе 55%-і (56%)
Оның ішінде:

- қанағаттандырылғаны 5 520 (4 832) немесе 31% (27%);
- бас тартылғаны 3 081 (2 855) немесе 17% (16%);
- түсіндірме берілгені 9 303 (9 921) немесе 52% (56%);
- басқа ведомстволарға жіберілді 14 820 (13 724) немесе 40%-і (39%).

Осы жылы 2 айда қанағаттандырылған өтініштердің саны 14%-ке артқан, ол арыз берушілердің дәлелдері барынша егжей-тегжейлі тексерілгенін көрсетеді, олар:

Нұр-Сұлтан қаласы (205-тен 316-ға дейін);

Шымкент қаласы (207-ден 297-ге дейін);

Ақтөбе қаласы (148-ден 186-ға дейін);

Алматы қаласы (271-ден 305-ке дейін);

Батыс Қазақстан облысы (79-дан 96-ға дейін);

Солтүстік Қазақстан облысы (124-тен 140-қа дейін);

Бас әскери прокуратура (28-ден 38-ге дейін);

Бас көлік прокуратурасы (29-дан 43-ке дейін).

Дегенмен, өтініштермен жұмыс және оларды қарау тәртібінде жекелеген мәселелер бар.

Өтініштерді қарау мерзімдерін бұзу.

Биыл өтініштерді қарау кезінде мерзімдерді бұзу 5 есеге көп (3-тен 15-ке дейін).

Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру бойынша жаңа нұсқаулықта (БП-ның 30.12.2020 ж. №165 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Қылмыстық қудалау бағыты бойынша нұсқаулық) ҚПК-нің 105-бабының тәртібіне сәйкес қарауға жататын шағымдардың санаттары нақты айқындалғанын атап өту қажет.

Көрсетілген талаптарға қарамастан, жекелеген прокурорлар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдерін негізсіз ұзу туралы процестік шешімдерге берілген шағымдарды ҚПК-нің 105-бабының тәртібінде қарамаған.

Сол себепті, ҚПК-нің 105-бабының 2-бөлігінде көзделген 15 тәуліктік мерзім – 12 шағымды қарау кезінде бұзылған.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 8-бабының 1,2-тармақтарының талаптары 15 күндік мерзім – 2 өтініш, 30 күндік мерзім – 1 өтініш қарау кезінде сақталмаған.

Қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаттарын тіркеу тәртібі мен қарау мерзімін бұзу.

ҚПК-нің 99-бабының 4-бөлігіне сәйкес өтінішхат ол мәлімделген бойда қаралуға және шешілуге жатады. Өтінішхат бойынша шешімді дереу қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда, ол мәлімделген күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей шешілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы прокуратурасының органдарында, ведомстволарында, мекемелерінде және білім беру ұйымында құжаттандыру және құжаттандыруды басқару қағидаларының 140-тармағының б) тармақшасына сәйкес (Бас Прокурордың 12.04.2018 ж. №50 бұйрығымен бекітілген) қылмыстық істерді тергеп-тексеру шеңберінде келіп түскен сотқа дейінгі іс жүргізу қатысушыларының өтінішхаттары өтініштер қатарында тіркелуге жатпайды.

Осы талаптарға қарамастан, қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу тілін сақтау, қылмыстық құқық бұзушылықтың болмауына байланысты тоқтату, қылмыстық әрекеттерді қайта саралау туралы және т.б. өтінішхаттар негізсіз тіркелген.

Аталған санаттағы өтінішхаттар 3 күн мерзім ішінде қаралмаған.

Нәтижесінде өтінішхаттардың тиісті түрде тіркелмеуі өтініштер бойынша есепте қарау мерзімдері бұзылғандығы туралы мәліметтер дұрыс көрсетілмеген.

Өтініштерді құзыреті бойынша уәкілетті органдарға не төмен тұрған прокуратураларға жіберудің үш күндік мерзімін бұзу.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 7-бабының 6-тармағына сәйкес «өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін субъектіге немесе лауазымды адамға келіп түскен өтініш субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті субъектілерге жіберіледі, бұл туралы өтініш берушіге хабарланады».

Алайда талдау барысы жекелеген прокуратураларда осы мерзімдердің сақталмайтынын көрсетті.

Арыз берушілердің дәлелдерін қанағаттандырудан негізсіз бас тарту.

Заңдылықтың айқын бұзушылығы бойынша прокурорлық қадағалау шараларын қабылдамай, арыз берушілердің дәлелдерін қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, бұл оларды жоғары тұрған прокурорларға жүгінуге мәжбүрлейтіні анықталды.

Арыз берушілердің барлық дәлелдерін қарамау.

Тұлғалардың өтініш жазуына ықпал ететін себептерді уақтылы анықтап, тиісті шаралар қолданудың маңызы зор.

Бұл ретте өтініш түскен кезден бастап оны қарау сапасына, ең маңызды уәжді бірінші кезекте қарап, арызданушымен құқықтық қатынас орнатуға, оған толық жауап жолдау, түсіндірме жұмыстарын жүргізуге аса назар аудару қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, аталған талаптар үнемі сақтала бермейді.

ҚПК-нің 105-бабы тәртібінде берілген шағымдарды қарау нәтижелері бойынша қаулылар шығармау.

Қылмыстық қудалау бағыты бойынша нұсқаулықтың 60-тармағына сәйкес ҚПК-нің 105-бабында көзделген тәртіппен процеске қатысушылардың өтініштерін қарау нәтижелері бойынша дәлелді қаулы шығарылады.

Дегенмен, кейбір прокуратураларда бұл талаптар сақталмаған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне қатысты шағымдарды (ҚПК-нің 105-бабы тәртібінде) қылмыстық қудалау органдарына негізсіз жіберу.

Қылмыстық қудалау бағыты бойынша нұсқаулықтың 60-тармағына сәйкес ҚПК-нің 105-бабында көзделген тәртібінде қылмыстық процеске қатысушылардың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген шағымдар басқа органдарға, оның ішінде әрекеттеріне шағым жасалып отырған адамға жібермей қаралуға жатады.

Жалпы, прокуратура органдары көрсетілген талаптарды сақтайды, ішінара прокурорлар тарапынан мұндай шағымдарды мәні бойынша қарамай, оларды қылмыстық қудалау органдарына жіберу деректері де бар.

Уәкілетті емес лауазымды адамдардың құзыреті бойынша өтініштерді негізсіз жіберуі.

Мәселен, Қазақстан Республикасы прокуратурасының органдарында, ведомстволарында, мекемелерінде және білім беру ұйымында өтініштерді қарау жөніндегі нұсқаулықтың (01.06.2018 ж. Бас Прокурордың № 72 бұйрығымен бекітілген) 30-тармағына сәйкес қаралуы прокуратура органының құзыретіне кірмейтін өтініш облыс прокуратураларында облыс прокурорлары, облыс прокурорларының орынбасарлары және облыс прокурорлары көмекшілерінің қолдары қойылып жіберіледі.

Алайда талдау аталған талаптарды бұза отырып, өтініштерді өз құзыреті бойынша басқа мемлекеттік органдарға дербес жібергенін көрсетті.

Сонымен қатар, прокуратура органдары мен мекемелерінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі нұсқаулықтың 56-тармағының 5) және 6) тармақшаларының талаптарының жауаптарға облыс прокурорлары мен олардың орынбасарларының қол қою бөлігі сақтамауы да кездеседі.

Өтініштерді қарау нәтижесі бойынша енгізілген қадағалау актілеріне бақылауды қамтамасыз етпеу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру саласында өтініштерді қарау нәтижесі бойынша енгізілген прокурорлық қадағалау актілерінің орындалуын бақылауды

қамтамасыз етпеген, бұл азаматтардан негізді қайталама өтініштердің түсуіне ықпал еткен.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитет Төрағасының 2018 жылдың 28 желтоқсанындағы №142 бұйрығы «Прокурордың қадағалау қызметі туралы» статистикалық есептің 6 бөлімі «Прокурордың өтініштерді қарау, құқықтық түсіндіру жұмысы және өтініштерді қарау жөніндегі заңнаманың қолданылуын қадағалау жұмысының мәліметтерін қалыптастыру тәртібін бекіту туралы» нұсқаулықтың 22, 86-тармақтарында қадағалау актілері мәліметтерін есепке енгізу талаптары жеткілікті түрде орындалмаған.

Өтініштерді қарау нәтижелері туралы статистиканың дұрыс көрсетілмеуі.

Өтініштерді қарау саласындағы статистикалық мәліметтер осы бағыттағы жұмыстың жай-күйін зерделеу, уақтылы және сапалы шешімдер қабылдау, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын бұзудың алдын алу бойынша маңызды құрал.

Бұл ретте, өтініштерді қарау нәтижелері бойынша прокурорлар қабылдаған шешімдерді статистикалық есепте шынайы көрсетпеу деректері анықталды.

Азаматтарды жеке қабылдау.


Бас прокуратураның басшылығы бейнеконференцбайланыс арқылы жеке қабылдау жүргізді, онда 73 (70) азамат және заңды тұлғалардың өкілдері қабылданды.

Бас прокуратураның Азаматтарды қабылдау орталығының қызметкерлері 594 (866) азаматты және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдады, бұл коронавирус инфекциясының пандемиясы кезеңіндегі қолданылған шектеулерге байланысты 2020 жылмен салыстырғанда 31% төмен болды.


Прокуратура органдарында жеке қабылдаудың, оның ішінде облыс прокурорлары – 7%, облыс прокурорларының орынбасарлары – 27% және қала, ауданы прокурорлары 52% төмендеуі байқалады.

Осы жылы жеке қабылдау бойынша белсенді жұмысты облыс прокурорлары Батыс-Қазақстан – 127, Қарағанды – 40, Маңғыстау облыстары – 30 және Алматы қаласы – 29, сондай-ақ облыс прокурорларының орынбасарлары Алматы қаласы – 108, Шымкент қаласы – 61, Қостанай – 40, Шығыс Қазақстан – 38 жүзеге асырған.


№5 диаграмма



№6 диаграмма



№7 диаграмма



Облыс прокуратураларының азаматтарды қабылдау орталығына құқықтық көмек көрсетілген 1 961 (4 815) азамат жүгінді.

Түсініктемелер берілді, басқа мемлекеттік органдар мен соттарға арыздар ресімдеуге көмек көрсетілді, прокуратура басшылығының қабылдауына жазылуға қатысты мәселелер шешілді және т.б.

№8 диаграмма



Прокуратура органдарының жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау бойынша қызметі – ақпараттарды жан-жақты және объективті зерделеу арқылы қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға септігін тигізеді.

Өйткені арыз берушілерден заң бұзушылықтар туралы келіп түсетін ақпарат ең өткір әлеуметтік мәселелерді көрсетеді, прокурорлық қадағалаудың басым бағыттарын дұрыс айқындауға мүмкіндік береді.

Прокуратура органдары үшін азаматтардың жеке қабылдаудан түскен өтініштері ерекше маңызды, ол төмен тұрған прокурорлардың қызметін бақылау нысаны және халықтың прокуратураға деген сенімінің көрсеткіші [30].

1.5. Прокуратура органдарында арыз, шағым, хабарлар бойынша әкімшілік рәсім тәртібі туралы әдістемелік ұсынымдар

Прокуратура органдарында арыз, шағымдар, хабарлар бойынша әкімшілік рәсім тәртібі туралы осы әдістемесі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (әрі қарай – Кодекс) сәйкес әзірленді.

Әдістемелік құралда арыз, шағым, хабарларды тіркеу, қабылдау, қарау, оларды тексеру, өтініш берушіні тыңдау, шешім шығару, жауап қабылдау, жүгіну, орындау құқықтарын түсіндіру тәртіптері қарастырылады.

Кодекстің 4-бабы 1-бөлігіне сәйкес төмендегі ұғымдар қолданылады:

Жолданым – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық), ауызша нысанда, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, бейнежолданым нысанында жіберілген арыз немесе шағым (4-бап 1-бөлігі 16)-тармағы);

Арыз – әкімшілік рәсімге қатысушының өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін немесе басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға жәрдемдесу туралы өтінішхаты қамтылған жолданым нысандарының бірі (4-бап 1-бөлігі 1)-тармағы);

Әкімшілік органдар (мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалар 4-бап 1-бөлігі 7)-тармағы);

Әкімшілік рәсімдер келесі кезеңдерден тұрады (9-11 тараулар 62-86 баптары):

- 1) әкімшілік рәсімді қозғау;
- 2) әкімшілік істі қарау;
- 3) әкімшілік акт қабылдау
- 4) әкімшілік актіні орындау.

1-Кезең. Әкімшілік рәсімді қозғау.

Әкімшілік рәсімді қозғау негіздері (62-бап)

- 1) Жолданым (арыз, шағым)
- 2) Әкімшілік органның, лауазымды адамның бастамасы
(*тексеру қорытындылары бойынша*)

Арыз иесі әкімшілік органға жазбаша (қағаз немесе электрондық), ауызша, бейнежолданым нысандарында арыз, шағым бере алады (4-бап 1-бөлігі 2)-тармағы).

! Жолданымды қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады

! Жолданым келіп түскен жұмыс күні тіркеледі (64-бап)

Жазбаша нысанда берілген жолданымның белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі: (63-бап 2-бөлігі).

- ✓ жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- ✓ жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде);
- ✓ пошталық мекенжайы;
- ✓ заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде);
- ✓ жолданым берілетін әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы;
- ✓ жолданымның мәні;
- ✓ жолданымның берілген күні;
- ✓ арыз иесінің немесе оның өкілінің қолы.

Егер жазбаша жолданым осы талаптарға сәйкес келмесе, онда мемлекеттік орган түзету үшін мерзім белгілейді (64-бап 6-бөлігі).

Арыз иесі белгіленген мерзімде талаптарға сәйкес келтірмесе, жолданым қайтарылады (64-бап 7-бөлігі).

Жолданымды қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді (64-бап 8-бөлігі).

Ауызша жолданым жеке хаттамаға енгізіледі, тіркеледі (63-бап 1-бөлігі).

Қарау өкілеттігіне кірмейтін мемлекеттік органға келіп түскен жолданымдар **3 жұмыс күні ішінде** уәкілетті әкімшілік органға **жолданады**. Бұл туралы арыз иесіне бір мезгілде хабарланады (65-бап).

Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімдердің барысы мен нәтижелері туралы құжаттардан тұратын **әкімшілік істі** қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда **қалыптастырады**. (69-бап).

Заңда белгіленген негіздер болған жағдайда әкімшілік рәсім кез-келген сатыда **тоқтатылуға жатады**. Бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап **3 жұмыс күні ішінде** арыз иесіне **хабарланады** (70-бап).

2-Кезең. Әкімшілік істі қарау.



Әкімшілік органның бастамасы бойынша басталған әкімшілік рәсімдер үшін **мерзім белгіленбейді**. Мерзім арнаулы заңдармен айқындалады.

Әкімшілік орган дұрыс шешім (әкімшілік акт) қабылдау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті тексеру қажет (72-бап), ол үшін:

- жолданым мәтінін мұқият оқып шығу, түсініп алу;
- жолданымға қосымша тіркелген дәлелді құжаттарын тексеру;
- арыз иесінің жолданымда көрсеткен уәждерінің шектерін айқындау;
- арыз иесінің ең негізгі уәжін бірінші кезекте қарау;
- арыз иесінің әрбір уәжі бойынша тексеру жүргізу;
- нақты мән-жайларды тексеру үшін дәлелдемелер жинау.

Ауыртпалық түсіретін акт (бас тарту жауабы) шығарылған жағдайда әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіру үшін арыз иесіне мүмкіндік беруге міндетті (73-бап 1-бөлігі).

Арыз иесін әкімшілік іс бойынша тыңдауға шақыру, оның ішінде бейнеконференц-байланыс немесе өзге де байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады (73-бап 1-бөлігі 1-2) тармақтары).

Бұл туралы арыз иесі алдын ала немесе әкімшілік акт қабылдағанға дейін **3 жұмыс күнінен** кешіктірмей хабардар етіледі (73-бап 1-бөлігі).


Арыз иесі алдын ала шешімге **қарсылықты 2 жұмыс күнінен кешіктірмейтін** мерзімде білдіруге құқылы (73-бап 3-бөлігі).

Ал ауызша білдірген жағдайда тыңдау хаттамасы жүргізіледі, оған ескертулер тыңдау хаттамасымен танысқаннан кейін **3 жұмыс күні ішінде** беруге болады.

Ескертулерді қарау нәтижелері бойынша төрағалық етуші оларды қанағаттандыру не оларды толық немесе ішінара қабылдамау туралы шешім қабылдайды (74-бап 6-бөлігі).

Арыз иесіне әкімшілік іс қаралғаннан кейін өтініш берілген күннен бастап **3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін** мерзімде **әкімшілік іс құжаттарымен танысуға** мүмкіндік берілуге тиіс (75-бап 1-бөлігі).

3-Кезең. Әкімшілік акт қабылдау.



Әкімшілік акт – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім (4-бап 1-бөлігі 4)-тармағы).

Әкімшілік акт:

-**ҚОЛАЙЛЫ** әкімшілік акт (әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асыратын немесе оған жүктелген міндетті тоқтататын, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде жақсартатын акт 4-бап 1-бөлігі 21)-тармағы);

-**АУЫРТПАЛЫҚ САЛАТЫН** әкімшілік акт (әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартатын, шектейтін, тоқтататын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде нашарлататын акт 4-бап 1-бөлігі 3)-тармағы).

Әкімшілік актінің мұндай бөлінуі әкімшілік актілерді жоюдың ерекше тәртібін белгілейді (84, 85-баптар).

Әкімшілік акт жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда қабылданады.

Сондай-ақ ауызша нысанда әкімшілік актіні қабылдау үшін негіздер қарастырылған (78-бап).

Жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда қабылданған **әкімшілік актіде көрсетілуі тиіс нақты мәліметтер мен деректемелер** (80-бап 1-бөлігі):

1) әкімшілік актіні қабылдаған әкімшілік органның атауы, лауазымды адамның тегі және аты-жөні;

2) әкімшілік актінің қабылданған күні;

3) арыз иесі туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін - тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), заңды тұлғалар үшін: атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны;

4) әкімшілік актіні қабылдаған кезде шешілетін мәселелердің сипаттамасы және әкімшілік актінің негіздемесі;

5) лауазымды адамның қолы.

Жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда қабылданған **әкімшілік актінің негіздемесін көрсету** басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғамайтын қолайлы әкімшілік актіні қабылдаған кезде және кодексте көзделген өзге жағдайларда **талап етілмейді** (80-бап 2-бөлігі).

Әкімшілік орган, лауазымды адам өзінің бастамасы бойынша немесе әкімшілік рәсімге қатысушының өтінішхаты бойынша әкімшілік актінің мазмұнын өзгертпей, әкімшілік актіде жіберілген **қате жазуларды, арифметикалық қателерді түзетуге құқылы** (82-бап).

4-Кезең. Әкімшілік актіні орындау.

Әкімшілік актіні **орындау тәртібі мен мерзімдері**: (86-бап)

✓ Әкімшілік акт барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті және орындалуға тиіс.

✓ Әкімшілік актіні қабылдаған орган, лауазымды тұлға орындайды.

✓ Әкімшілік акт 5 жұмыс күні ішінде орындалуға жатады.

ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ӘКІМШІЛІК РӘСІМ (12-тарау 87-89 баптары)

Хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуларды және сұрау салуларды қарау оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылады (87-бап 1-бөлігі).

Сұрау салу, ұсыныс, үн қосу, хабар ұғымдары туралы түсіндірме кодекстің 4-бабында берілген, ал оның ішінде хабар – өтініштің жаңа түрі.

Хабар - әкімшілік рәсімге қатысушының Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің бұзылғаны, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалардың және олардың лауазымды адамдарының жұмысындағы кемшіліктер туралы хабардар етуі (4-бап 1-бөлігі 37)-тармағы).

Прокуратура органдарында мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалардың және олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдары оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібінде қаралады.

Мұндай шағымдарды прокуратура органдары кодексте әкімшілік рәсімді жүргізуге қойылған жалпы талаптарға сәйкес қарайды.

Бірақ, оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібінің ерекшеліктеріне байланысты арыз иесін **тыңдау жүргізілмейді**, қарау нәтижелері бойынша **әкімшілік акт шығармай, әкімшілік әрекет ретінде жауап беріледі**.

Әкімшілік әрекет - әкімшілік органның, лауазымды адамның жария-құқықтық қатынастардағы, әкімшілік акт болып табылмайтын әрекеті (4-бап, 1-бөлігі 5)-тармағы).

Ескерту: қылмыстық процестік, азаматтық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарымен реттелетін құқықтық қатынастардан туындаған шағымдар оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібінде қарауға жатпайды.

Оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібі бойынша қабылданатын шешімдер тізбесі (89-бап 1-бөлігі):

мәні бойынша жауап беру;
назарға алу;
тоқтату туралы

Жауаптың мазмұнында арыз иесінің сұраған мәселелері бойынша жекелеп тоқталу, әрбір уәжіне қатысты негізделген толық жауап беруді қамтамасыз ету қажет.

Арыз иесіне әкімшілік істі қараудың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарлап, шағым беру құқықтары түсіндіріледі (88-бап 3-бөлігі және 89-бап 3-бөлігі).

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ (90-бап).

Қабылдау кестесіне сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары **айына кемінде бір рет** азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті.

ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІНЕ ҚАТЫСТЫ
(13-15 тараулар 91-101 баптары)

Шағым – әкімшілік рәсімге қатысушының өзінің және басқа да тұлғалардың әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) бұзған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау туралы талабы қамтылған жолданым нысандарының бірі (4-бап 1-бөлігі 38)-тармағы).

Арыз иесі, мемлекеттік орган әкімшілік актіге, әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік іс-әрекеттерге (әрекетсіздік) сотқа дейінгі әкімшілік тәртіппен шағымдануға құқылы (91-бап 1-бөлігі).

Шағымды сотқа дейінгі әкімшілік тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган жүргізеді (91-бап 3-бөлігі).

Шағым кімнің актісіне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалатын әкімшілік орган арқылы беріледі (91-бап 4-бөлігі).

Шағым әкімшілік актіні қабылдау немесе әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) туралы белгілі болған күннен бастап **3 айдан кешіктірілмей** әкімшілік органға жазбаша беріледі (92-бап 1-бөлігі).

Бұл мерзім қалпына келтірілуі мүмкін (92-бап 2-бөлігі).

Әкімшілік орган шағым түскен күннен бастап **3 жұмыс күнінен кешіктірмей** шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын жоғары тұрған органға жібереді.

Бұл ретте шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымды жоғары тұрған орган жібермей, **3 жұмыс күні ішінде жаңа әкімшілік акт** қабылдауға құқылы (91-бап 4- бөлігі).

Сотқа жүгінуге сотқа дейінгі әкімшілік тәртіппен шағымдағаннан кейін жол беріледі (91-бап 5-бөлігі).

Жоғары тұрған әкімшілік орган болмаған жағдайда әкімшілік актіге, іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) сотқа шағым жасалуы мүмкін (91-бап 6-бөлігі).

Прокуратура органдарының шағымдары қарауы «Прокуратура туралы» заңда белгіленген шекте жүзеге асырылады (91-бап 7-бөлігі).

Шағымды қабылдау, тіркеу, есепке алу, қайтару және кері қайтарып алу әкімшілік рәсімнің жалпы тәртіптерінде жүзеге асырылады (94-бап).

Шағым беру әкімшілік актінің, іс-әрекеттің орындалуын тоқтата тұрады (96-бап).

Шағымды қарау мерзімі – **20 жұмыс күн** (99-бап).

Шағымды қарап, жоғары тұрған әкімшілік орган келесі шешімдердің біреуін шығарады (100-бап 1-бөлігі):

- әкімшілік актінің күшін жою туралы;
- актінің күшін жою және жаңа актіні қабылдау туралы;
- әкімшілік әрекетті жасау туралы;
- шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
- жол берілген бұзушылықтарды және оларды жою жөніндегі ұсыныстарды көрсете отырып, әкімшілік рәсімді қайта жүзеге асыру үшін шағым жасалатын әкімшілік органға жіберу туралы;
- шағымды қараусыз қалдыру туралы.

Шағымды қарайтын органның шешімі орындау үшін міндетті (100-бап 4-бөлігі).

Аталған әдістемелік ұсынымдар прокуратура қызметкерлеріне жұмыс барысында қолдану үшін дайындалған.

2. АРЫЗ, ШАҒЫМДАРҒА ЖАУАПТАРДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Прокуратура органдарында мемлекеттік тілді қолданудың деңгейі

Осы жылы Бас прокуратураның Өтініштермен жұмыс және іс жүргізу департаменті 2020 жылғы прокуратура органдарындағы мемлекеттік тілдің қолданылу жай-күйіне талдау жүргізді.

Мәлімет бойынша мемлекеттік тілде рәсімделген құжаттардың үлесі – 91% құраған.

Мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту, қазақ тіліндегі ресми іс-қағаздарды үлесін 100 пайызға жеткізу мақсатында бірқатар жұмыс атқарылып жатыр.

Прокуратура органдарында 600-ге жуық тыңдаушы мемлекеттік тілді оқыту курстарына қатысқан. Осы орайда оқыту курстары қызметкерлердің мемлекеттік тілді білу деңгейлеріне қарай топтастырылған.

Эпидемиологиялық ахуалға байланысты Бас прокуратура 2021 жылдың ақпан айынан бастап қазақ тілін оқыту курстарын онлайн жүргізуге көшті.

Сондай-ақ республиканың жекелеген өңірлерінде (Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстары, Шымкент қаласының прокуратуралары) қызметкерлердің қазақ тілін толық меңгеріп, мемлекеттік тілді дамыту бойынша оң нәтижелі жұмыстарын атаған [31].

Дегенмен, тіл саясаты мәселелерімен айналысатын сарапшылар қазіргі жағдайда әкімшілік басқару, құқық қорғау салаларында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі мен қазақ тілінде іс-құжаттарды рәсімдеу сапасының «қазақшалануы» көңіл көншітпейтіні туралы пікірлер білдірген.

Бұл туралы Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді (Үкіметтің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы).

Тәжірибе барысында өтініштер бойынша мемлекеттік тілде жолданған жауаптарды өрескел қателермен және тым түсініксіз мәтінде жазу деректерін анықтадым.

Оған себеп болған өзекті мәселелер:

- жауапты орындаушының мемлекеттік тілді толық меңгермеуі (қазақша ойлау қабілетінің болмауы);

- көбінесе жауаптарды орыс тілінде жазылған үлгілерге сүйеніп дайындау;

- аударма мәселесінде қазақ тілінің ерекшеліктері мен стильдік тұтастығын сақтамау;

- жауап мәтіндеріндегі стильдік, тілдік нормаларға байланысты түзету жұмыстарының жеткіліксіз болуы.

Жауаптар әуелі орыс тіліндегі хаттардың үлгілеріне негізделіп, қазақ тіліне техникалық тұрғыда аударылатындығы, сондықтан мәтіннің формасы қасаң форматта жазылады. Тікелей (калька) аударманың салдарынан қазақ тілінің нормалары сақталмаған. Аударма жұмыстары қазақ тілінің ішкі стилдік құрылымын ескермейді. Осы салдардан ойлауы мен сөйлеуі қазақ тілді

адамның өзі орыс тілінде өтініш беруге және сәйкесінше жауап алуға басымдық береді. Өйткені орыс тіліндегі нұсқа түсінуге оңай.

Қазақ тілінде жауап мәтіндердің жалпыға түсініксіз формада жазылуы, қызметкерлердің әлі де болса мемлекеттік тілді жете меңгермеуі – прокуратура органдары үшін үлкен сын.

Себебі прокуратура органдары құжаттарының қоғамның барлық саласына жіберілетінін ескерсек, құжаттардың сапасыз орындалуы прокуратура органдары қызметінің беделіне нұқсан келтіріп, қызметкерлердің кәсіби біліктілігіне теріс көзқарас қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

2.2 Мемлекеттік қызметте қазақ тілінде сөйлеу мен жазуды білу талаптарын қою

Демократиялық көп ұлтты Қазақстандағы тіл саясатында әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеру және еліміздің болашағы тек қазақ тілінде екендігін түсінуі керек.

Қазақ тілі мәртебесінің өсуі және сөйлеушілердің көбеюі бүгінгі тілдік оппозицияны күшейтеді.

Соңғы кезде әлеуметтік орталарда қазақ тілін өте жақсы меңгерген өзге ұлттардың өкілдері кездесіп қалады. Демек қазақ тіліне деген сұраныстың жыл сайын жоғарылай беретіні анық.

Қазір елде мемлекеттік қызметтегі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданылуы әлі де болса өз деңгейінде емес. Олай дейтініміз, барлық жиналыс пен мәжіліс қазақ тілінде басталады да, одан әрі қарай жұмыс тәртібі орыс тілінде жүргізіледі. Кейде қазақша біле тұра, орыс тілінде сөйлейтін мемлекеттік қызметкерлер де кездеседі. Олар қазақ тілін қажетсінбейді, терминдер жоқ, өзге ұлт өкілдері түсінбейді, ойыңды толық жеткізе алмайсың деген сылтаулармен тілімізге деген құрметті төмендетіп жатқанын түсінбейтін сияқты.

Тіл – алдымен қатынас құралы. Ол айтылатын ойдың дыбысқа немесе жазуға құралған формасы. Ғасырлар бойы өзгерістерге ұшыраған тіл бүгінгі күні өзінің ішкі нормаларын қалыптастырып алды. Тілді тасымалдаушы әр ұлттың жеке болмысына сәйкес өздерімен біте қайнаған нормалары бар. Кей жағдайда бұл нюанс тек сол тілді тасымалдаушыға түсінікті болады.

Қазақ тілінде іс-қағаздарын жазу мен ресімдей білу қазақ тілін орта деңгейде немесе одан да жоғары меңгергенде ғана мүмкін болады.

Айталық, іс-қағаздардың мазмұнындағы қаншама сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдерді дұрыс құрастыру мен олардың бір-бірімен байланысы, негізгі ойды анықтап тұруы мұның барлығы қазақ тілін кем дегенде орта деңгейде білетін қызметкер жасай алады.

Сол себепті тілді жете меңгерген маман ресми іс-қағаздарын сауатты әрі түсінікті жазу қабілетіне ие болады.

Мемлекеттік тілде түскен арыз, шағымдарды қарауды ойлау деңгейі орысша емес, тілді игеру деңгейі «туғаннан» қазақша, кей кезде тілдік ережелерге бағынбайтын тілдің ішкі концепцияларын анықтай алатын қызметкерге ғана жүктеу қажет.

Сондықтан, мемлекеттік қызметте жұмыс істеу үшін әрбір адамға мемлекеттік тілді меңгеруге қатысты талаптар қойылуы тиіс.

Жауап мәтінінің тігісін жатқызып өте жатық жазылуына, оны оқыған кезде кез-келген сала маманының, халықтың бірден түсіне алатын дәрежесіне дейін жеткізуге, жауаптың неғұрлым қысқа әрі түсінікті болуына ден қою керек. Қазақ тіліндегі жауаптардың түсінікті, тиянақтылығы осы бағыттағы жұмыстың сапасын арттырады.

2.3 Арыз, шағымдардың қазақ тіліндегі жауап мәтіндерінде жиі кездесетін грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық мәселелері

Ресми іс-қағаздардың дайын стилі өткен ғасырдың 20-30-жылдарынан дами бастады. Ол қазақ әдеби тілінің жүйесінен өзіндік бағытын анықтап, стиль ретінде қалыптасты.

Негізі қаланған ресми-іскери стил бүгінде тілі байып, ғылыми тұрғыдан біршама зерттелді.

Филология ғылымдарының профессоры Л.Дүйсембекова «Қазақ ресми іс қағаздары» атты зерттеу еңбегінде: «Ресми-іс қағаздар стилінің талабы ойды дәл, анық, қысқа, нақты жеткізу болса, онда қолданылатын стандарт тіркестер үшін грамматикалық тұлға мен мазмұнның сәйкестігін сақтау – негізгі талаптардың бірі», – деп жазады.

Дегенмен, зерттеу объектісі болып отырған арыз, шағымдарға қазақ тіліндегі жауап хаттардың осы стандарттарға лайық болмауы қолымызға тиген бірнеше хаттан көрінді.

Себептерін іздеп көрдік.

Жауаптар әуелі орыс тіліндегі хаттардың үлгілеріне негізделіп, қазақ тіліне техникалық тұрғыда аударылады.

Тікелей (калька) аударманың салдарынан қазақ тілінің нормалары сақталмаған.

Ал заң мәтіндері өкінішке қарай ол тек аударма тіл есебінде қалыптасып келеді.

Бүгінге дейін бірде-бір заң қазақ тілінде дайындалып, талқыланған емес, ол әуелі орыс тілінде жазылады, кейін мемлекеттік тілге аударылады.

Осының салдарынан тілдік құрылымның жүйесі бұзылады да, айтылуға тиіс негізгі ой түсініксіз болып қалады. Мысалы ықшамдылыққа негізделген іс-қағаздарына қойылатын талаптар жауап хат жазу кезінде шұбалыңқылыққа жол беріп, негізгі стилінен ажырап қалды.

Осы негізде тәжірибеде көп кездесетін, қолданатын калькаға негізделген сөздерді дұрыс жазу, арыз, шағымдарға жауап дайындау кезінде канцеляризмді қалай жою керек сөздігін ұсынуға болады.

Оның өзін біржақты дұрыс емес және пікірталас тудыратын (яғни тәжірибеде қолдану әбден сіңісіп кеткен) сөздер, сөз тіркестері деп екіге бөлемін.

Бұл ретте қазақ тілінің мәйегі турасында өткір әрі өзекті ойларды бөлісіп жүрген белгілі редактор, тіл жанашыры Назгүл Қожабек қазақ тілі орыс тілінің грамматикасына «байланып болғанын» айтады:

1) Шылаулар бойынша

Формасы жағынан қосымшаларға ұқсас –*да*, –*де*; –*мен*, –*бен* сияқты шылаулар жауап хаттарда негізгі сөздермен біріктіріп жазған қателіктер көп кездеседі.

Шылау мен қосымшаны сөйлемнен алып тастап оқу немесе сұрақ қойып көру арқылы мағыналық жағынан зерттеуге болады. Шылау сөйлем мүшесі бола алмайды және сұраққа жауап бермейтін сөз табы. Шылаулар сөз бен

сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына беретін көмекші сөздің бір түрі.

Жатыс септік жалғауы мен «*да, де*» шылауларын шатыстыра берсеңіз, қосып жазайын ба, бөлек жазайын ба деп ойланып отырған сөзді қалай тексереміз.

«Қайда?, неде?» деп сұрақ қойыңыз. Сөз сол сұраққа жауап берсе қосыңыз, жауап бермесе – қоспаңыз.

X *Пандемия кезінде заңды тұлғаларды да, жеке тұлғаларды да жеке қабылдау бейне-байланыспен жүргізілді.*

!? «Да» шылауын алып тастау арқылы сөйлемді тексерген кезде мағынасы өзгермесе бөлек жазылады.

V *Пандемия кезінде заңды тұлғаларды да, жеке тұлғаларды да жеке қабылдау бейне-байланыспен жүргізілді.*

2) -дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік жалғаулары бойынша

X *Алматы облыстық әкімдігі*

V *Алматы облысы әкімдігі*

X *Қоғамдық жауапкершілікке ие*

V *Қоғам алдында жауапкершілігі бар*

X *Кәмелеттік жас*

V *Кәмелет жасы*

X *Салықтық рақымшылық*

V *Салыққа рақымшылық/ салық бойынша рақымшылық*

X *Несиелік рақымшылық*

V *Несиеге рақымшылық/ несие бойынша рақымшылық*

X *Қазақстандық азамат*

V *Қазақстан азаматы*

3) Жасанды тіркестер бойынша

Мәтінді аударғанда сол тілдегі ұғым түсінікті, қалыптасқан сөз тіркесін алмай, қазақ тіліндегі төл ұғым мен сөйлем құрау ережелерін сақтау керек.

Мысалы: **!?** «*Департаментом Ваше заявление рассмотрено*» сөйлемі орыс тілінен аударма кезінде формасында тұрған сөз еріксіз қазақ тілінде көмектес септік жалғауы жалғанған формада **X** «*департаменті+мен Сіздің арызыңыз қаралды*» деп аударылып, жақсыз сөйлемге айналады.

Ал қазақ тіліндегі іс-қағаздарында бастауыш пен баяндауышы өзара байланыста тұрған жай немесе сабақтас құрмалас сөйлем формасында жазылуы тиіс.

Өйткені ресми іс-қағаздардың стильдік формасы нақтылықты, дәлдікті талап етеді.

Мынаның бәрі – нақты мысалдар:

X «заңды тұлғалармен берілген шағымдар»

V «заңды тұлғалар берген шағымдар»

X «органымен бұзылды»

V «орган бұзды»

X «комитетімен қаралды»

V «прокуратурасы қарады»

X «тергеушімен анықталды»

V «тергеуші анықтады»

4) Орфография бойынша

Құқық қорғау органдары жұмысының ерекшелігіне байланысты іс-қағаздарда заң нормалары (тарау, бап, тармақ, тармақшалар) көрсетіледі.

Орфографиялық ережеге сәйкес реттік сан есімдер цифрмен жазылса, өзіне қатысты сөзбен араларына *дефис* (-) қойылады.

Егер дефис қойылмаған жағдайда, сөздің мәні өзгеріп, басқаша мағынада жұмсалады.

Реттік сан есім араб цифрымен берілсе, одан кейін келетін зат есімнің алдынан дефис қойылады:

X 5 тарау, 6 бап, 1 бөлігі, 6 ыншы, 7 інші, т.с.с.

V 5-тарау, 6-бап, 1-бөлігі, 6-ыншы, 7-інші, т.с.с.

Алайда сан есім рим цифрларымен берілсе, дефис қойылмайды:

X XXI-ғасыр, III-сессия т.с.с.

V XXI ғасыр, III сессия т.с.с.

Бұл ретте қазақ тілінде цифрдан кейін дефис қойсаң реттік сан есімді білдіреді (-ыншы, інші).

«Тәуелсіздіктің 30-жылдығы», «40-жас мерейтой».

!? Орысша *«30-летие Независимости», «40-летний юбилей»* деген дефисті калькалап алу.

! Бұл дефис орыс тілінде тек екі сөздің арасындағы дәнекер қызметін атқарады, ал қазақ тілінде автоматты түрде реттік сан есімге айналдырып жібереді. Сөйтіп *«Тәуелсіздіктің отызыншы жылдығы»* болып шыға келеді.

Дұрысы: *«Тәуелсіздіктің 30 жылдығы», «40 жас мерейтой».*

«Онлайн» сөзімен келетін тіркестерді қалай жазамыз?

! Егер «онлайн» сөзі «қандай?» деген сұраққа жауап берсе – дефиспен: *онлайн-бизнес, онлайн-сабақ.*

«Қалай» деген сұраққа жауап берсе, яғни үстеу ретінде келсе – бөлек: *Бүгін онлайн жиналыс өтті.*

Жақша ішінде тұрған тұрған сөз (дер)ді (айқындауыш, түсіндіруші сөздер) өзіне қатысты сөздің қасына жазу керек.

Мысалы:

X «Өңірдегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, азаматтарды жеке қабылдау жұмысын жандандыру (ауданда, қалада, облыста)»

V «Өңірдегі (ауданда, қалада, облыста) санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, азаматтарды жеке қабылдау жұмысын жандандыру».

5) Нақ осы шақ формасында тұрған етістіктер бойынша

Қазақ тілінде етістік ешқашан «у» тұйық райлы етістігі мен жатыс септігінде келмейді. Тәжірибеде іс-құжаттардың қаралып жатқанынан хабардар ету мақсатында осы формада жазылған жауап хаттар өте көп.

Дұрысы: нақ осы шақтың формасында тұрған баяндауыш пен «жатыр» көмекші етістігінің қосындысынан жасалатын күрделі етістіктен болуы керек:

X «қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізілуде»

V «қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізіліп жатыр»

X «Сіздің арызыңыз қаралуда»

V «Сіздің арызыңыз қаралып жатыр»

б) Калька сөздер бойынша

Орыс тіліндегі «*прошлый год*» тіркесі қазақ тілінде «өткен жыл» деген формада қолданылып келеді. Бұл – калька. Қазақ тілінде өтіп кеткен жылды білдіретін «*былтыр*» деген сөз бар. Сол себепті «*прошлый год*» мағынасындағы калька сөздерді арыз, шағымдарға жауап беру кезінде мүлдем қолданбаған жөн.

X «өткен жылы»

!? «в прошлом году»

V «былтыр»

«*Текущий год*» тіркесі. Іс-қағаздарда «ағымдағы жылы» немесе «үстіміздегі жылы» формасында аударылып жүр. Қазақ тілінде осы жылды білдіретін «*биыл*» сөзі бар. *Биыл* - кіріккен сөз, жасалуы: (бұл+жыл). Сол сияқты «бүгін» сөзін мысалға келтіруге болады: (бұл+күн).

X «ағымдағы жылы» немесе «үстіміздегі жылы»

!? «в текущем году»

V «биыл» немесе «осы жылы»

«*Принять*» сөзінің калькасы қылып «қабылдау» сөзін қате қолдану бар. Мысалы: *шара қабылдады, шешім қабылдады, профилактикалық шаралар қабылдануда*. Бұл тіркестер үйреншікті болғанымен қате аударма.

Дұрысы: *шараны атқарды, алдын алу (профилактика) шаралары жасалып жатыр, шешімге келді, шешім шығарды*.

«*Мал ұрлығы*» тіркесі. Ұрлықты мал емес, адам жасайды.

X «мал ұрлығы»

!? «кража скота»

V «мал ұрлау»

Орыс тіліндегі «*в случае*» сөзін қазақ тіліне калькалап «*жағдайда*» деп аударудың қажеті жоқ. Дұрысы: «*болса*».

X «кемшіліктер одан әрі жалғасқан жағдайда»

!? «в случае продолжения недостатков»

V «кемшіліктер одан әрі болса»

X «үй жағдайында»

!? «в домашних условиях»

V «үйде»

Қазақ тілінде сөйлем ортасында «Сіз» деп бас әріптен жазу. Орыс тілінде «Вы» деген – қазақ тілінде «Сіз» де, «Сіздер».

Оған қоса етістіктің жіктелуінде де осы үш есімдікке қатысты ерекшелік жоқ. «Вы придете, вы пришли» («Сіз келесіз, сіздер келесіздер»).

Орысша жалғыз адамға не көпшілікке қарата жазып отырғанын ажырату үшін, жеке адамға қарата жазған бас әріптен жазады.

Қазақ тілінде екеуінің айырмашылығы жалғау арқылы көрсетілген, сондықтан «сіз» деп кіші әріптен жаза беруге болады.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық», «отбасылық зорлық-зомбылық, үй/аурахана, стационарлық карантин. Орыс тіліндегі «бытовое, семейное насилие, домашний, стационарный карантин» немесе орыс тіліндегі –ный суффиксін –лық жұрнағына аудару салу дегеннен калькалап алу.

Дұрысы: «тұрмыстағы зорлық-зомбылық», «отбасындағы зорлық-зомбылық, үйдегі, ауруханадағы, стационардағы карантин».

Орыс тіліндегі «5 апреля 2021 года» дегеннен калька «2021 жылДЫҢ 5 сәуірі».

Дұрысы: 2020 жылҒЫ 5 сәуір.

Орыс тіліндегі «привлечение к ответственности» дегеннің калькасы «жауапкершілікке тарту». Бұл қате.

Дұрысы: адам жауапқа тартылады, яғни істеген әрекеті үшін жауап беруге тиіс болады.

«Ақпарат» сөзін көпше түрде қолдануға болмайды, онсыз да жиынтық мағынаны білдіреді. Қанша ақпарат болса да - тек жекеше түрде қолданылуы керек.

Сонымен бірге Назгүл Қожабектен канцеляризм мен кальканы қалай құрту жолдары бойынша бірқатар ескерту:

«түсіндіру жұмыстарын жүргізді» - түсіндірді;

«тексеру жүргізілуде» - тексеріп жатыр;

«деп күтілуде» - болады;

«сондай-ақ» - сонымен бірге, және;

«қолжетімді» - пайдалана алады;

«оқиға орын алды» - оқиға болды;

«30% құрады», «20 мың теңгені құрады» - 30% болды, 20 мың теңге болды;

«алдын-алу» - болдырмау;

«пилоттық жоба» - пилот жоба

«жұмыс жасады» - *жұмыс істеді*;
«көмек көрсетеді» - *көмек береді*;
«жол-көлік оқиғасының нәтижесінде» - *жол-көлік оқиғасының салдарынан*;

«лайықты», «қажетті» - *лайық, қажет* [32].

Бұл бөлімде көрсетілген мәселе - арыз, шағымдарға қазақ тілінде жауап жазу мәтіндерінде жалпыға түсінікті тілмен ойды нақты және дәл жеткізе білуді түсіндіру болды.

Стилистикалық ерекшеліктердің бұзылмауы үшін бірқатар лингвистикалық норма назарға алынуы тиіс. Кез келген тілдік құрам ғылыми 4 негізгі бөлімінен тұрады: фонетика, лексика, морфология, синтаксис. Олардың әрқайсысы тілдік құрылымның бүтін формасын жасайды. Егер осының бір бөлігі ақсап тұрса тұтас форманың толық картинасына нұқсан келетіні анық.

Сол себепті қазақ сөздерімен орысша сөйлеуімізді түзетіп, қазақ тілінің табиғатын қалпына келтіру арқылы кеңсе қағаздарын жазудың дұрыс, қатесіз нұсқалары қалыптасуы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған зерттеу арыз, шағымдар жұмыстың мәселелері бойынша жазылды.

Магистр жобасында Қазақстан Республикасында прокуратура органдарындағы өтініштермен жұмыстың құқықтық-ұйымдастырушылық және оларға мемлекеттік тілде берілетін жауаптардың стилистикалық ерекшеліктері туралы мәселелер қарастырылды.

Бірінші бөлімде осы жылдың 1-ші шілдесінде заңды күшіне енетін өтініштермен жұмыс істеуді реттейтін негізгі құқықтық акт ретінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс талаптары зерделенді.

Нәтижесінде мемлекетте жаңа инновациялық «әкімшілік юстиция» ұғымының мәнін ашуға ықпал ететін оның тұжырымдалған анықтамасы (дефиниция) ұсынылды.

Кодекстің әкімшілік рәсімге қатысушылары, әкімшілік рәсімдердің объективтілігі мен бейтараптылығын қамтамасыз ету үшін қарсылық білдіру, құқық принципі бөлігінде нормаларды жетілдіруге назар аударылды.

Арыз, шағымдар бойынша жұмыс жүргізудің заңнамалық негіздерінің құрылымын нақтырақ көрсету үшін оның институттарын ведомстволық, ведомстволық емес және сот деп анықтауға кеңес берілді.

Бұл тұрғыда арыз, шағымдар бойынша нормативтік ережелердің тұтас кешені ретінде Кодекс талаптары толық сәйкес келеді деген қорытынды жасалған.

Сонымен қатар, ұйымдастырушылық әдістері бойынша арыз, шағымдарды тіркеу, қабылдау, ең басты уәждерді қарау, оларды тексеру, өтініш берушіні тыңдау, шешім шығару, жауап жолдау, шағым жасау, орындау туралы Кодекс талаптарына негізделген прокуратура органдарының жас мамандары үшін жұмыс барысында қолдану үшін әдістемелік құрал дайындалды.

Екінші бөлімде тәжірибеде арыз, шағымдар бойынша мемлекеттік тілде жолданған жауаптарды қателер жіберу және түсініксіз мәтінде жазуға себеп болған өзекті мәселелер анықталды.

Арыз, шағымдарға жауап дайындау кезінде мәтіндерде қазақ тілінің ерекшеліктері, стильдік тұтастығы мен ережелерін сақтамау салдарынан канцеляризмді жою қажеттілігі көрсетіліп, калька сөздерді дұрыс жазу сөздігі құрастырылды.

Магистр жобасы прокуратура органдарында арыз, шағымдарды қарау жұмыстарының сапасын арттыру үшін жүйелі ұйымдастырушылық қызмет, азаматтардың жеке қабылдауын жүргізу тәртібін жетілдіру, мемлекеттік тілде берілетін жауаптардың мәтінін сауатты және сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету үшін маңызы бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекс 2020 жылы 29 маусым// Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226#z836>

2. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы 2017 жылы 30 маусым // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000081>
3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы №2529 «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі «Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің лауазымын белгілеу туралы» Жарлығы
5. Жетписбаев Б.А., Худайбердина Г.А. Конституционно-правовые основы административной юстиции в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2015. - №2(74). - С.128-135.
6. Научно-аналитический отчет по теме фундаментального и прикладного научного исследования «Право административных процедур: теория и проблемы законодательного регулирования в Республике Казахстан». Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2017. – 64 с.
7. Габбасов А.Б. К вопросу о введении административной юстиции // Научно-аналитический отчет по теме фундаментального и прикладного научного исследования «Научные проблемы обеспечения конкурентоспособности национальной правовой системы в отраслях конституционного и административного права». - Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2014.– 115 с.
8. Мицкая Е.В. Как не пустить плохих чиновников в Таможенный союз (Анализируя отчеты Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан) // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. - 2012. - №12. - С.112-118
9. Подопригора Р.А. Аналитическая записка «Стратегические вопросы развития административной юстиции в Казахстане»// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34359522#pos=0;27009.306640625
10. Носов Е.К. К вопросу о теории советской административной юстиции//Советское право. 1925. № 4. / Цит. по: Чечот Д.М. Административная юстиция: Теоретические проблемы. Л., 1973//Чечот Д.М. Избранные труды по гражданскому процессу. С. 354.
11. Абрамов С.Н. В советском праве не может быть административного иска//Социалистическая законность. 1947. № 3. С.8.
12. Мицкая Е.В. О сущности и принципах административной юстиции//ҒЫЛЫМ, 2020 N 1 С.18-24
13. Бахрах Д. Как защитить себя от произвола власти //Российская юстиция. - 2003. - № 9. - С. 14-15.
14. Ибрагимов С.И. Административная юстиция в Центрально-Азиатских государствах: проблемы становления и развития: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. - М., 2013. - 50 с
15. Смирнова Е.В. Становление и развитие административной юстиции в Российской Федерации: дис. Е.В. О сущности и принципах административной юстиции ... канд. юрид. наук. - М., 2007. - 186 с.

16. Филиппова И.А. Организационно-правовые и теоретические проблемы становления административных судов в Российской Федерации : Автореф. дисс. канд. юрид. наук. - Тюмень, 2005. - 25 с.
17. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226#z836>
18. Барахоева А.Р. Правовая дефиниция как элемент механизма правового регулирования//Вестник Костромского государственного технологического университета. Государство и право: вопросы теории и практики (Серия «Юридические науки»). 2016. № 1 (6). С. 31-33.
19. Кашанина Т. В. Структура права. – М., 2014. – С. 92–93.
20. Кубеев Е.К. Укрепление государственности Казахстана в свете пяти институциональных реформ Президента РК Н.А. Назарбаева // Конституция: единство, стабильность, процветание: сборник материалов междунар. науч.-практ. конф., посв. 20-летию Конституции Республики Казахстан (28-29 августа 2015 г.). Том 1 / под общ. ред. И.И. Рогова, А.О. Шакирова, Е.Б. Сыдыкова. – Астана: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2015. - С. 319-324.
21. Дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың бес бағыты Н.А. Назарбаев Н.А. Қазақстан халқына Жолдауы 2015 жыл 30 қараша// [http://akorda.kz/ ru/](http://akorda.kz/ru/)
22. Сындалы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі: Президент К.-Ж. Токаев Қазақстан халқына Жолдауы 2019 жыл 2 қыркүйек <http://www.akorda.kz>
23. Зюзин В.А. От административных процедур к административной процедуре // Современные проблемы административного права, процесса и процедур: российский и зарубежный опыт: материалы междунар. науч.-практ. конф. (Россия, г. Новосибирск, 14–15 мая 2018 г.) / под ред. Ю.Н. Старилова, К.В. Давыдова; АНОО ВО Центросоюза РФ «СибУПК». – Новосибирск, 2018. - С. 38-46
24. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылы 4 шілде// Электрондық ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
25. Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. — 4-е изд., стер. — М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999; Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. — 4-е изд., стер. — М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999;
26. [http://tolkslovar.ru/p23885.html#:~:text=Значение%20слова%20Процедура%20по%20словарю,чего-н.%20\(книжн.\).%20Процедура%20подписания%20договора](http://tolkslovar.ru/p23885.html#:~:text=Значение%20слова%20Процедура%20по%20словарю,чего-н.%20(книжн.).%20Процедура%20подписания%20договора)
27. Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. — 4-е изд., стер. — М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999; Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. — 4-е изд., стер. — М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999;

28. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2014 жылы 5 шілде// Электрондық ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
29. Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» Заңы 2014 жылы 28 қаңтар// Электрондық ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>
30. ҚР-сы Бас прокуратура «2021 жылдың 2 айындағы өтініштермен жұмыстың, прокуратура органдарында азаматтарды жеке қабылдаудың жай-күйін, сондай-ақ прокуратураны ескерте отырып шығарылған сыни жарияланымдары туралы талдау»
31. ҚР-сы Бас прокуратура «Прокуратура органдарында мемлекеттік тілді қолданудың жай-күйіне жүргізілген талдау»
32. Назгүл Қожабекова – [facebook.com/nazgul.kozhabekova](https://www.facebook.com/nazgul.kozhabekova)